Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№14 (965)

10.04.2020

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

ҮНДЕУ

БІРЛЕСЕ БІЛГЕН ЕЛ БӘРІН ЖЕҢЕДІ

Тәуелсіздік жылдары ел өмірінің ең қиын да күрделі кезеңдерінде мен кез келген мәселені қадірменді отандастарыммен бірге бүкпесіз, ашық талқыға салып, туған халқыммен үнемі ой бөлісіп келемін. Бүгінгідей бүкіл әлем алаң күй кешіп, ұлт саулығы сынға түскен қазіргі сәтте де баршаны сабырға, байсалдылыққа шақырып, тағы да жұртыма ақ тілеулі сөзімді арнағалы отырмын.

Тұтқиылдан келген жаман індет – коронавирус дерті барша адамзатқа қауіп-қатер төндіруде. Қазірдің өзінде дүние жүзі бойынша 1,4 миллионнан астам жан осы сырқатқа шалдығып, ондаған мың адамның өмірі қиылды. Сондықтан әлем мемлекеттері қатерлі дертке бірлесе дауа іздеп, бүгінгі заманның бар күш-қуатын, ақыл-ойы мен ғылым-білімінің жетістігін ортақ мақсат жолына бірлесе жұмылдырып, ынтымақтаса әрекет етуде.

Қазақстан қауіпті дерттің алдын алуға әлем елдерінің ең алғашқыларының бірі болып кірісті. Тиісті сақтандыру шаралары жасалды. Мемлекеттік органдар арнаулы дайындықтан өткізілді. Өзге елдерде вирус қалай пайда болып, пандемия қалай өрбіп, өршігені бақыланды. Соның нәтижесінде індеттің етек алып кетуіне мүмкіндігінше жол берілмей, ахуал күн сайын тұрақты назарда ұсталып отыр. Жағдайды оңалту үшін көп жұмыс істелді, әлі де талай шаруа атқарылатын болады. Игі мақсаттағы іс-шаралардың бәріне жер-жерлерде бүкіл халық болып қолдау көрсеткеніміз жөн.

Тәуелсіздіктің ең алғашқы күндерінен бастап мен **ұлы Абай атамыздың «Кімге достығың болса, достық шақырады»** деген дана қағидасын басшылыққа алып, әлемнің барлық мемлекетімен арадағы келісім мен достыққа, өзара сенім мен ықпалдастыққа негізделген саясат ұстандым. Егемендіктің бастапқы жылдарында іргелес елдердің бәрімен тату қарым-қатынас орнатып, шекара мәселесін түбегейлі шешкеннен кейін түрлі деңгейдегі ынтымақтастық ұйымдарын құруға бастамашы болғанымның басты себебі де сол еді.

Еуразия экономикалық одағын, Шанхай ынтымақтастық ұйымын, Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесті құрып, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының тарихи саммитін, Астана экономикалық форумы мен бүкіләлемдік ЭКСПО көрмесін өткізу шараларының бәрі – Қазақстан мен дүние жүзі мемлекеттері арасындағы өзара достық пен сенімге негізделген байланысты, экономикалық ынтымақтастықты нығайту үшін жасалды.

Өмірдің өзі, дәл бүгінгі қалыптасқан жағдай біз ұстанған бірігу мен бірлесуге негізделген саясаттың бірден-бір дұрыс жол екендігіне көзімізді жеткізіп отыр.

Жаһан жұртшылығын әбігерге салған пандемия бүкіл әлемде жаңа экономикалық дағдарыс туғызды. Алып кәсіпорындардың жұмысы тоқтады, көлік атаулының қозғалысы шектелді. Мұнайдың бағасы құлдырады. Ел мен ел арасындағы шекаралар жабылып, алыс-беріс тыйылды. Мұның бәрі бұрын-соңды болмаған аса ауқымды рецессияға әкеліп соқтырып, жұмыссыздықты көбейтіп отыр.

Біздің Отанымыз Қазақстан – қазба байлықтарға, оның ішінде мұнайға бай ел. Мен «Бізде мұнай мен газ бар екен деп үнемі соған тәуелді болған дұрыс емес» деп талай мәрте айтқанмын. Сондықтан егемендік жылдары біз ел экономикасын әртараптандырумен болдық. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін «Қазақстан-2050» стратегиясын жасап, «Үдемелі индустриялық-инновациялық даму» бағдарламасы аясында 1000-нан астам жаңа кәсіпорын аштық. Соның арқасында әлемдік бәсекеге қабілетті өнімдер шығарылып, елімізге жаңа технологиялар келді. Бұл еліміздің үшінші технологиялық жаңғыруына жол ашты.

Ел аумағында бұрын-соңды болмаған теміржол, автокөлік жолдары салынды. Жүйелі жүргізілген реформалар нәтижесінде ауыл шаруашылығы да айтарлықтай дамып, Қазақстан өзін ет, сүт және тағы басқа да азық-түлік өнімдерімен емін-еркін қамтамасыз етіп қана қоймай, әлемдегі астық экспорттаушы алғашқы алты мемлекеттің қатарына қосылды.

Болашақ үшін, алда күтіп тұрған осындай алмағайып замандар сынағын еркін еңсеру үшін көп қаржы-қаражат салып, зор жауапкершілікпен атқарылған бұл реформалардың дұрыс болғанын өмірдің өзі дәлелдеді.

Біздің **Ата заңымыздың бірінші бабында «Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі»** деп нақты жазылған. Сондықтан елімізде денсаулық сақтау саласын дамытуға айрықша көңіл бөлінді. «Саламатты Қазақстан» бағдарламасын қабылдап, барлық өңірде бұрын болмаған жүздеген заманауи аурухана мен емхана салдық. Елордада әлемдік деңгейдегі ең озық техникалармен жарақталған аса ірі ғылыми-медициналық орталықтар ашып, оның мамандарын әлемнің ең дамыған елдерінде тәжірибеден өткіздік және «Болашақ» бағдарламасы аясында оқыттық. Осылай алдын ала қамданудың нәтижесінде ұлт денсаулығына қатер төндірген бүгінгідей қиыншылық заманда жұқпалы дерттің дәл диагностикасын жасау, оның алдын алу, науқасты емдеу сияқты тиісті шараларды біздің дәрігерлеріміз жоғары кәсіби деңгейде атқаруда.

Әрине қалыптасып отырған жағдай оңай емес. Бұл – бүкіл әлем мемлекеттеріне түскен зор ауыртпашылық. Біз оны осындай сын сағатта септігін тигізетін **халқымыздың төзімділігі, ерік-жігері және өзіне деген зор сенімі арқасында міндетті түрде жеңіп шығамыз. Ол үшін бізге қажетті нәрсе – қаржы-қаражат, материалдық ресурс, техника, азық-түлік – бәрі бар. Алаңдайтын, абыржитын еш негіз жоқ.**

Әдетте жұрт көңілі алаң осындай кезде ел ішіне үрей таратып, байбалам салушылар өз мүддесіне пайдалануға тырысады. Мен халықты әртүрлі сондай азғырынды, арзан әңгімелерге еруден сақ болуға шақырамын. Шынымен көптің қамын көздейтін адам айғайшыл күшімен емес, игілікті ісімен қызмет еткені дұрыс. Ғайбат пен байбалам орнына ғылым-біліммен шұғылданған абзал.

Бүгінгі күрес **даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлының: «Тәртіпке бас иген ел құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» –** деген қанатты сөзін еске салады және соны бекем ұстануды талап етеді. Өздеріңіз білесіздер, бұл пандемияны көршіміз Қытай елі ұйымшылдығы мен темірдей берік тәртібінің арқасында ауыздықтай алды.

Қазіргі Қазақстанды Кеңес Одағы ыдыраған өткен ғасырдың 90-жылдарындағы Қазақстанмен салыстыруға болмайды. Бізде осындай қиындық туғанда ешкімге алақан жаймау үшін, ұрпақ қамы, ел болашағы үшін жинақталған Ұлттық қор мен алтын-валюта қорында 90 миллиард АҚШ доллары бар. Ретімен, үнемді пайдаланар болсақ, ол бүгін басымызға түскен тағдыр мен тарих сынынан еңсемізді тік ұстап өтуімізге мол мүмкіндік береді.

Жалғасы 2 бетте.

НЕГЕ?



КОМПЬЮТЕР ДЕГЕН ТАСЖҮРЕК ЕКЕН

Елімізге енген індет елдің үрейін алса да, көп дүниені ұқтырғандай болды. Бұған дейін жанталасып, жүгіріп, дамылдауды білмейтінбіз. Тоқтауды үйрендік. Алланың құдіреті ме, бір-ақ күнде тоқтата салды. Құдды бір дамылдау керек екенімізді ұқтырғандай. Бітпейтін күйбең тіршіліктің соңына түсіп, бала-шағаның қасында отыруды, одан қалса бір-бірімізбен сөйлесуді ұмытып кеткендей едік. Осының бәрін жүрекпен сезінуге уақыт бергендей ме?!

...Бұл күнге дейін ұстаз деген мәртебелі мамандықтың қадірін түсінбей, бағаламай келдік. Күні кеше ғана бүкіл әлемді алаңдатып, мыңдаған адамның ажалына айналған індетке ұстаз кінәлідей сезінгеніміз де өтірік емес. Әйтпесе, қашықтықтан оқытуға дайындық бойынша «уотсапп» арқылы мұғалімдерге ренжіген ата-ананың бірінен бірі өтетін ауыр қарғыс, жаман сөз, қорлауы жазылған аудионы таратпас едік. Бірақ, қашықтықтан оқыту басталған күннен «компьютер деген тасжүрек екен, ұстаздардың қадірін білдік» дегендер көбейді. Яғни, ата-ана да, оқушы да мұғалімнің қадірін білді. Себеп: қашықтықтан оқыту форматы басталғалы мұғалімдерден гөрі әбігерге ата-аналар көптеп түсті. Неге десеңіз, бұған дейін баласын оқытуды мұғалімге сілтей салып, өзі жайбырақат жүрді. Ал мынадай қысылтаяң сәтте не істейтінін білмей, дал болды да қалды. Үйдегі бір балаға басы қатқан сәтінде алдында отырған жиырма бес баланы оқытқан ұстаздың бейнесі келді көз алдына. Қалай оқытқан, қалай шыдап келген?!

Апта басталғалы бері енді «уотсапп» арқылы мұғалімнің қадірін түсініп жатқан ата-аналардың аудиолары таратыла бастады. Бірі мұғалім өмірі деген барып тұрған тозақ екен десе, тағы бір ата-ана: мектепті карантинге жауып, балалар сол жерде болса, қуана-қуана асмәзірін дайындап апарып беріп тұрар едім. Әйтпесе, төрт баланы оқытамын деп жүйкем тоза бастады депті. Қысқасы, осындай есептегі әркімге де ой саларлық дүниелер көбейді: нәтижесінде «саған да мың алғыс, мұғалім?» дегендердің қарасы артты.

Дей тұрғанмен, бұл тұста мұғалімнің жұмысы азаяды деу де орынсыз пікір. Керісінше, негізгі күш мұғалімге түсетіні анық. Бұл туралы еліміздің Бас ұстазы«Төтенше жағдай кезінде қашықтан оқытудың жаңа форматтары» тақырыбында өткен онлайн брифингте айтқан болатын. «Ұстаздарға қазір өте қиын. Мен әлеуметтік желілерде және басқа да әріптестеріммен сөйлескен кезде мұғалімдердің жұмысы азайғаны туралы пікірлер естимін. Бұл пікірмен толық келіспейміз. Дәстүрлі режимде мұғалімдер сыныпқа келіп, 25-30 балаға сабақ жүргізіп, келесі сыныпқа көшіп отырса, бұл жерде жағдай – басқаша. Үйде отырып жұмыс жүргізгеннің өзінде 25-30 баланың әрқайсысымен жеке-жеке жұмыс жүргізуі керек болады. Таңның атысы мен күннің батысына дейін, түннің бір уағына дейін әр баламен жұмыс жүргізіп отыр. Ол оңай емес. Мұғалімде тек қана бір сынып емес, кем дегенде 10-15 сынып болады. Жұмыс істеп жатқан әріптестеріме үлкен алғыс айтқым келеді» деді Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов.

Бас ұстаз айтқандай-ақ, мұның бәрі өзіміздің балаларымыз, олардың жарқын болашағы үшін. Ендеше, ұстаздарға көмек беріп, балалар үшін жұмысты бірге жандандыру аса маңызды. Қандай нәрсе қиындықта сыналады. Ал әр қиындық қолда бардың бағасын арттырады. Дегенмен көкейді тескен бір сауал: мәртебелі мамандықтың қадірін төтенше жағдай кезінде ғана түйсіндік. Неге?

С. ӘЙТЕНОВА.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҮНДЕУ

БІРЛЕСЕ БІЛГЕН ЕЛ БӘРІН ЖЕҢЕДІ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халыққа арнаған таяудағы үндеуінде барлық әлеуметтік топтарға, кәсіпкерлерге, ауыл шаруашылығы саласына көрсетілетін алуан түрлі көмек туралы жан-жақты мағлұмат берді. Егер Қазақстанның ұлттық экономикадағы қол жеткізген табыстары мен жоғарыда аталған қор құрылмаса, мұның бірі де болмас еді. Кезінде соның бәрін таратып берейік дегендер де болған, бірақ өмір біз қабылдаған шешімнің дұрыс болғанын көрсетті.

Енді Үкімет пен жергілікті атқарушы органдары соны үнемді түрде, рет-ретімен орындауға кірісуі керек. Әр министр, әрбір облыс, қала және аудан басшылары жүйемен, тәртіппен, үйлесіммен, нақты жоспармен, нық сеніммен әрекет етіп, уақытша қиындықтан шығуға барлық күш-қуатты жұмылдыруы қажет. Nur Otan партиясының мүшелері де осы бір сауапты істің алдыңғы қатарынан табылуы тиіс.

Еліміздің ең үлкен байлығы – адам мен оның өмірі болғандықтан, **әрбір адам өзінің, отбасының, ата-анасы мен бала-шағасының өміріне, денсаулығына зор жанашырлықпен, ерекше жауапкершілікпен қарауы керек. Өйткені ұлт денсаулығы – мемлекет қауіпсіздігінің құрамдас бөлігі.**

Дәл осы тұста бәрімізге халқымыздың ардайым үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор болатын абзал қасиеттері септігін тигізеді деп сенемін. Адамның өзіне деген сенімі – үлкен күш. Бұл бойымызға – қажыр, денемізге – қуат, жүрегімізге сенім ұялатады. Біз қазір көмекке аса мұқтаж қарияларды, ардагерлерімізді, көпбалалы аналарды, әл-ауқаты төмендерді, жұмысқа жарамсыз жандарды ерекше қамқорлыққа алуымыз керек. Халқымыздың бойындағы ұрпақтан ұрпаққа үзілмей жеткен ең ізгі қасиеттер бізді осыған үндейді. Дәл қазір бүкіл адамзат жолайрықта тұр. Әлемдік геосаясатты, экономиканы, экологияны, қоғам өмірінің сан алуан саласын қамтып, тізбектеле келген, бұрын-соңды болмаған проблемалар әлем мемлекеттерінің қарым-қатынасын да өзгерте бастады. Үнді халқының ұлы гуманист қайраткері Махатма Ганди: **«Әлемді өзгерту үшін әуелі өзіміз өзгеруіміз керек»,** деген екен. Кеше ғана бір-бірін аяқтан шалып, жағадан алып, «санкциялық соғыстарға» жол ашқан мемлекеттер енді өзара көмек қолын созысуда. Бұл – жаһандық деңгейдегі үлкен өзгерістердің бастауы. Әлем тарихында ондаған жылға, тіпті жүз жылдан да астам уақытқа созылған талай соғыстар, шиеленісті жағдайлар мен кикілжіңдер орын алған. Миллиондаған адамды баудай түсірген індеттер де аз болмаған. Адамзат соның бәрін жеңген. Жан алқымнан алып тұрған бұл шырғалаңнан да шығамыз. Әлемнің ең алпауыт мемлекеттері осы қиындықтан сабақ алуы керек.

Кезінде **Әйтеке би бабамыз: «Ел мұраты – көрешек, ер мұраты – келешек. Осыларды ойлаған – қоймас түбі сүйінбей»,** деген екен. Қандай керемет айтылған сөз! Дәл қазір бізге бүкіл адамзат өркениетін сүріндіретін емес, барша әлем халқын сүйіндіретін жаңашыл саясат керек.

Кез келген қиындық адамды тығырықтан шығуға, өзгеше ойлауға, қалыптасқан жұмыс тәсілдерін жетілдіруге бастайды. Ал бұл ғылым мен технологияны дамытуға, сергек өмір салтын қалыптастыруға алып келеді. Бүгінде еңбекті ұйымдастырудың креативті әдістері, тіпті жаңа кәсіп түрлері шыға бастады. Қазір адамдар біртіндеп қағазбастылықтан арылып, қашықтан жұмыс істеу режиміне көшті. Осының бәрі бір кезде алдын ала жоспарланып, кеңінен ойластырылған шаралардың арқасында ғана мүмкін болып отыр.

Рухы мықты, өзіне сенімді адамды қиындықтар шыныктырады. Сондықтан біз бойкүйездіктен, сарыуайымнан, енжарлықтан арылып, тығырықтан шығудың жолын іздеген бүкіл әлем халқымен бірге шырға, шындала түсуіміз керек.

«Бірлік жоқ жерде тірлік жоқ», деген екен **әйгілі данышпан Төле би.** Береке-бірліктің алмайтын қамалы, бағындырмайтын биігі болмайды. Біз үшін ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсап күткен, 30 жылға жуық уақыт бұрын қолымыз жеткен азаттықты мәңгі баянды етуден асқан мұрат жоқ. Қазақстан – халқымыз тату-тәтті және келісімде өмір сүріп жатқан ортақ шаңырағымыз. Алуандығымыз – бәсекелі және жаһандық әлемдегі біздің баға жетпес байлығымыз бен артықшылығымыз. Тәуелсіздік жылдары қол жеткізген барлық табысымыздың қайнары – ең алдымен халқымыздың береке-бірлігі. Алла тағала бізді осы бірлігімізден де, тірлігімізден де айырмасын.

Мен сөзімді алдымен аға ұрпақ пен зиялы қауым өкілдеріне арнаймын: халықты ынтымаққа шақырып, жақсылыққа, ізгі амалдар жасауға, саламатты өмір салтын ұстануға үндеңіздер. **«Ырыс алды – ынтымақ»** екенін ұмытпаңыздар. Жастарды еңбекке, білім алуға, қатарының алды болуға тәрбиелеңіздер. Ұрпақ алдындағы жауапкершілік бізді осыған міндеттейді.

Жаңа өскін – жас ұрпаққа айтарым: тәуелсіздік жылдары дүниеге келген сендер келер жылы орда бұзар отызға толасыңдар. Еліміздегі ең қуатты күш – өздеріңсіңдер. Аға ұрпақ сендер үшін қолдан келгеннің бәрін жасады, енді сендердің де күш-қайрат жұмсайтын кездерің келді. Жамандықтан, жат әдеттен сақтанып, игі істер жасауға ұмтылыңдар. Үлкенге – ізетті, кішіге – қамқор, бір-біріңе дос болыңдар. **«Біріңді, қазақ, бірің дос, көрмесең – істің бәрі бос» деген Абай аталарыңның өсиетін** ешқашан естен шығармаңдар.

Кәсіпкерлерге де арнайы айтарым бар: сіздер тәуелсіздіктің арқасында өз істеріңізді қалыптастырып, аяқтарыңызға нық тұрдыңыздар, мол дәулетке кенелдіңіздер. Енді «Мен еліме не беремін?» дейтін кездеріңіз де келді. Осы орайда, менің өтінішім бойынша өз отандастарына қол ұшын беріп, қаржылай, заттай көмектесіп жатқан кәсіпкер азаматтар баршылық. Осы бір жарасымды үрдіс, игі іс одан әрі жалғасын табады деп сенемін. Ұрпақ пен дәстүр сабақтастығы болған жерде ғана игілік пен ізгілік қатар өркен жаяды. Осы қасиетті қағида әрбір қазақстандықтың жадынан, жүрегінен орын алуы керек.

Маған небір қиын-қыстау күндерде ешқашан **намысын бермеген,** қашанда **бірлігі бекем, пейілі кең, құшағы ашық, бауырмал** халыққа басшылық ету бақыты бұйырды. Сондықтан қазіргідей алабұртпа көңіл жағдайында **дана** да **дарқан халқыма – баршаңызға зор** ризашылыққа толы осы сөздерімді жолдадым.

Біз тәуелсіздік жылдары сан алуан қиындық пен дағдарысты бастан өткердік. Соның бәрінде мен анық жағдайды, түйткілді проблемаларды ашық түрде алдарыңызға жайып салып отырдым. Сіздер маған үнемі сенім арттыңыздар, мен туған халқымның сол сенімінен ұдайы күш-қуат алдым. Сол үшін сіздерге тағы мың да бір алғысымды білдіремін.

Ұлт денсаулығы мен мемлекет қауіпсіздігі – бір-бірімен етене, егіз ұғымдар. **Мемлекет бұл қиындықтан шығу үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды және тиісті шараның барлығын атқарады. Бірде-бір адам, еліміздің ешбір азаматы қамқорлықсыз қалмайды.**

Біз – біртұтас ел, бірлігі берік жұртпыз. Мен әрқашан халқыммен бірге болғанмын, бұл жолы да сіздермен біргемін.

Біз біргеміз. Қиындыққа қайыспай, белімізді бекем буып, береке-бірлігімізден айрылмайық. Сонда ғана біз қастерлі тәуелсіздігімізді сақтап, Қазақстанды Мәңгілік ел болуға лайықты ете аламыз.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,
Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы.

ҚАУЛЫ

Алматы облысында коронавирусқа қарсы қабылданған қаулыға өзгерістер енгізілді. Өңірдің бас мемлекеттік санитарлық дәрігері облыс аумағына коронавирустық инфекция таралуының алдын алу мақсатында арнайы №5 қаулы қабылдап, ол 8 сәуір, таңғы сағат 8-ден бастап күшіне енді. Бұл туралы «Jetisu Media» ақпарат алаңында өткен онлайн-брифингте сөз болды.

ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ

Жаңа қаулыға сәйкес техникалық жөндеу орталықтары, қосалқы бөлшек, құрылыс заттары мен тұқым, көшет, минералдық тыңайтқыштар сату дүкендері қайтадан жұмыстарын жалғастырады. Алайда тұтынушы дүкенге тікелей бармай, алдын ала тапсырыс беріп, тапсырысы дайын болғанда барып алу арқылы жүргізілетін болады. Сондай-ақ, жанармай құю бекеттері, жеке орналасқан техникалық қызмет көрсету станциялары, пошта, екінші деңгейлі банктер мен ет павильондары өз қызметін атқара береді. Ал, монша, шаштараз, сұлулық салоны секілді орындар қызмет көрсетпейді.

Елді мекен ішіндегі қоғамдық көліктер де жұмысын жалғастырады. Қалалық және аудандық автобустардың толымдылығы отырғызу орындарының 40%-дан аспауы тиіс. Дезинфекциялау және жуу құралдарын қолдана отырып әрбір рейстен кейін автобустарды, қоғамдық көлік аялдамаларын күніне кемінде екі рет тазартып отыруы қажет. Оған қоса, жүргіншілерге қоғамдық көлікте қорғаныш маскасыз жүруге тыйым салынады.

Өңірдің бас санитарлық дәрігері Қайрат Баймұхамбетовтің айтуынша азық-түлік дүкендері мен дәріханалар бұрынғы режиммен тәулік бойы қызмет атқаруын тоқтатпайды. Бірақ, санитарлық-гигиеналық нормалар қатаң сақталуы қамтамасыз етіледі.

– *Қазіргі таңда облыс аумағында 10 адамның коронавирус инфекциясын жұқтырғаны анықталып, олармен қарым-қатынаста болған 191 адам оқшауланды. Облыста барлығы 646 адам оқшауланған. Аурудың алдын алу бойынша атқарылып жатқан шараларға сәйкес бұл көрсеткіштің одан әрі өспеуі үшін барынша күш саламыз. Жаңадан қабыданған қаулыға сәйкес облыс аумағында шектеу шаралары жалғасады. Шектеу іс-шараларының режимі мен мерзімдері «COVID-19» коронавирустық инфекциясының таралуы бойынша жағдайдың барысына қарай өзгертілуі мүмкін,–* деді Қайрат Қажымаұлы.

Осы орайда шектеу кезеңінде жұмыс істейтін нысандар санитарлық және дезинфекциялық режим талаптарын қатаң сақтауы тиіс. Атап айтсақ, кіреберісте қол жууға арналған санитайзерлер орнатуға, барлық қызметкерлерін бір реттік маска мен бір реттік қолғаппен қамтамасыз етуге, жұмыс орындарын дезинфекциялық құралдармен қолдану нұсқаулығына сәйкес, күніне кемінде 3 рет өңдеуге міндеттелген.

Л. КӘЛІМХАН.

НҰРЛЫ ЖЕР

ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРЕДІ

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘЛІМДЕУІНШЕ, АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА БИЫЛҒЫ ЖЫЛЫ ДА ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫ БӘСЕҢДЕМЕЙДІ. МӘСЕЛЕН, ОСЫ ЖЫЛЫ ӨҢІРДЕ 938,8 МЫҢ ШАРШЫ МЕТР ТҰРҒЫН ҮЙДІ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРУ КӨЗДЕЛГЕН.

Соның 136,0 мың ш. метрі немесе 1 714 пәтер, яғни 519 тұрғын үй бюджет есебінен салынады. Жалпы «Нұрлы жер» бағдарламасы шеңберінде 119 жобаны жүзеге асыруға республикалық және жергілікті бюджеттен 41,6 млрд. теңге қарастырылған. Соның ішінде 30,2 млрд. теңге болатын 52 жоба тұрғын үй құрылысына, 11,4 млрд. теңгелік 67 жоба инженерлік инфрақұрылымға қатысты. Сонымен қатар «Жұмыспен қамту жол картасы» бойынша 977 жобаны жүзеге асыруға облысқа 109,2 млрд. теңге бөлінген. Оның ішінде 429-ы – әлеуметтік саланың жобалары. Сол сияқты 53-і – сумен қамту нысандарын қайта жаңғырту мен жөндеу, 84-і – абаттандыру, 220 елді мекенде 500 шақырым жол жөндеу жұмыстары.

Облыстық құрылыс басқармасының мәліметінше, 2020 жылы республикалық бюджеттен жалға берілетін тұрғын үй құрылысына 18,0 млрд. теңге *(РБ-9,0 млрд. теңге, ЖБ-9,0 млрд. теңге)* қарастырылған, оның ішінде 8,6 млрд. теңге *(РБ - 5,6 млрд. теңге, ЖБ - 3,0 млрд. теңге)* көпбалалы отбасыларға арналған тұрғын үй құрылысына бағытталады. Әлеуметтік осал топтарға 975 жалгерлік тұрғын үй беріледі *(377 үй)*, оның ішінде көпбалалы отбасыларға 669 пәтер беру жоспарланып отыр. Жергілікті бюджеттен 50 пәтер сатып алынады, жалпы 719 көпбалалы отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етіледі. Несиелік тұрғын үй құрылысы бойынша жалпы алаңы 51,4 мың шаршы метр құрайтын 648 пәтерлі 51 тұрғын үй пайдалануға беру жоспарлануда *(5,7 млрд.тг).*

Сонымен қатар, жалпы алаңы 9,0 мың ш. м. құрайтын 91 коммуналдық тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде *(2 млрд.тг).* Инженерлік - коммуникациялық желілер 6 264 жер телімдерінде жүргізілуде, оларға 483,6 шақырым желілер тартылатын болады.

Атап өтсек, биылғы жылы барлық бағыт бойынша 135 отбасы тұрғын үй сатып алды, оның 71-і - көпбалалы отбасы. 2019 жылы «Бақытты отбасы» бағдарламасы аясында 500 отбасы өз баспанасын алды *(ҚР бойынша Нұр-Сұлтан қаласынан кейінгі 2-ші көрсеткіш).* Жыл басынан бері 69 пәтер сатып алынды, оның ішінде көпбалалы отбасы саны – 30. Жалпы, 2020 жылы «Бақытты отбасы» бағдарламасы аясында 600 отбасы баспанамен қамтамасыз етіледі.

«Ел Президентінің тапсырмасына сәй-кес Алматы облысында тұрғын үй және әлеуметтік-мәдени нысандардың құрылыс жұмыстары тоқтамай, тиісті жұмыс кестесіне сай жүргізіледі. Бұл өз кезегінде жұмыс орындарын құруға, өңір экономикасын дамытуға ықпал етпек. Бұл ретте коронавирустың таралуына жол бермеу мақсатында құрылыс нысандарының барлық санитарлық-дезинфекциялық шараларды орындауы, шектеулерге байланысты жұмысшыларға тиісті жағдай жасалуы облыс әкімінің бақылауында», – делінген облыс әкімі баспасөз қызметінің хабарламасында.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

В СВЯЗИ С ПОСЛЕДНИМИ СОБЫТИЯМИ

...ЗА НАРУШЕНИЕ ЧРЕЗВЫЧАЙНОГО РЕЖИМА

ПО СООБЩЕНИЮ ПРЕСС-СЛУЖБЫ АЛМАТИНСКОГО ОБЛАСТНОГО СУДА, С КАЖДЫМ ДНЁМ КОЛИЧЕСТВО АДМИНИСТРАТИВНЫХ МАТЕРИАЛОВ ЗА НАРУШЕНИЕ В ЧАСТИ РЕЖИМА ПОЛОЖЕНИЯ И ДРУГИХ МАССОВЫХ МЕРОПРИЯТИЙ НЕ УМЕНЬШАЕТСЯ.

Так, **Талдыкорганским специализированным межрайонным административным судом** в период с 30 марта по 1 апреля 2020 года привлечены 29 правонарушителей по статье 476 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях за нарушение режима чрезвычайного положения.

К примеру, в кафе «Миндаль», расположенном в г.Талдыкорган, индивидуальным предпринимателем А. нарушен режим чрезвычайного положения в части обязательных санитарно-противоэпидемических мероприятий: персонал не обеспечен специальной одеждой, не установлены санитайзеры для обработки рук. В свою очередь, кафе является объектом с массовым скоплением людей, следовательно, его деятельность должна быть приостановлена.

На сегодня в отношении 28 лиц вынесены постановления о привлечении к административной ответственности в виде административного штрафа в размере 10 месячных расчетных показателей, в отношении 1 лица применен административный арест сроком на 5 суток.

Енбекшиказахским районным судом Алматинской области рассмотрено 3 административных материала по пункту 2 статьи 476 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях.

Как установлено в суде, в связи с объявлением чрезвычайной ситуации, 65-летняя гражданка П., 19-летний гражданин Ш. и 27-летний гражданин А. по установленному государственным органом режиму обязаны находиться на карантине дома, однако они, не выполнив требования, выехали за пределы своих домов.

Таким образом, постановлением суда граждане признаны виновными в совершении правонарушения, предусмотренного пунктом 2 статьи 476 Кодекса об административных правонарушениях и на них наложено административное взыскание в виде административного штрафа в размере 26 510 тенге.

В Аксуском районном суде Алматинской области рассмотрен административный материал с использованием мобильного приложения «WhatsApp», в отношении индивидуального предпринимателя С., который нарушил режим ЧП.

В ходе судебного заседания было установлено, что индивидуальным предпринимателем был нарушен установленный карантинный режим, а именно: заведомо зная об усиленном карантинном режиме, не приостановил деятельность своего малого бизнеса.

Постановлением суда правонарушитель был признан виновным в совершении административного правонарушения по пункту 6 статьи 476 КоАП РК и ему назначено административное взыскание в виде административного штрафа в размере 26 510 тенге.

2 административных материала в отношении индивидуальных предпринимателей.

Алакольским районным судом Алматинской области рассмотрены 2 административных материала в отношении индивидуальных предпринимателей в совершении административного правонарушения, предусмотренного статьей 476 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях».

К примеру, в магазине «Арафат», расположенном в городе Учарал, нарушен режим чрезвычайного положения, не установлены санитайзеры для обработки рук, персонал не обеспечен одноразовыми масками и перчатками, а также хлебобулочные изделия реализовались без упаковки.

Постановлением суда все предприниматели согласно пункту 6) статьи 476 Кодекса об Административном правонарушении РК признаны виновным и всем назначены административные взыскания в виде административного штрафа в размере 26510 тенге в доход государства.

Таксист привлечен к административной ответственности за нарушение чрезвычайного положения.

В Балхашском районном суде Алматинской области рассмотрен административный материал в отношения жителя села Баканас, который нарушил установленный режим чрезвычайного положения и не соблюдал требований пункта 9 статьи 476 Кодекса об административных правонарушениях Республики Казахстан, а именно работал частным извозчиком.

Как стало известно в суде, гражданин А. осуществлял перевозку пассажиров по принципу такси, и не выполнял требования в части ограничения движения транспортных средств.

Постановлением суда нарушитель А. признан виновным и ему назначено административное взыскание в размере 26 510 тенге.

Судом Кербулакского района Алматинской области рассмотрен административный материал по пункту 6) статьи 476 Кодекса об административных правонарушениях Республики Казахстан (Нарушение режима чрезвычайного положения).

В суде установлено, что индивидуальным предпринимателем был нарушен установленный карантинный режим, а именно: магазин не был продезинфицирован, не был оборудован дезинфицирующим средством для рук, также продавец не соблюдал масочный режим.

Постановлением суда правонарушитель признан виновным по пункту 6) статьи 476 КоАП Республики Казахстан и подвергнут к административному взысканию в виде штрафа в размере 26510 тенге.

Уйгурским районным судом Алматинской области рассмотрен материал в отношении владельца магазина, расположенного в селе Чунджа, по пункту 6) статьи 476 Кодекса об административных правонарушениях Республики Казахстан.

В суде установлено, что при санитарно-эпидемиологическом обследовании в магазинах обнаружены факты нарушения мер санитарной безопасности, а именно: продавец магазина «Расул» принимал хлебные изделия от поставщиков, будучи не обеспеченным одноразовыми перчатками и масками, тем самым нарушен установленный режим чрезвычайного положения.

Постановлением суда владелец продуктового магазина «Расул» Ф. признан виновным по пункту 6 статьи 476 КоАП РК и подвергнут к административному взысканию в виде штрафа в размере 26510 тенге в доход государства.

Панфиловским районным судом рассмотрены административные материалы в отношении 10 индивидуальных предпринимателей привлечённых за различные нарушения режима чрезвычайного положения по пункту 6 статьи 476 КоАП Республики Казахстан.

Частные предприниматели, нарушая правила карантинного режима, продолжали осуществлять свою деятельность, подвергая опасности жизнь и здоровье граждан.

К примеру, одним из правонарушителей индивидуальным предпринимателем нарушен режим чрезвычайного положения в аптеке персонал не обеспечен одноразовыми перчатками, а также не установлены санитайзеры для обработки рук.

В целях защиты жизни и здоровья граждан, в соответствии с Законом Республики Казахстан "О гражданской защите" от 11 апреля 2014 года, Указа Президента Республики Казахстан от 15 марта 2020 года № 285 «О введении чрезвычайного положения в Республике Казахстан» административные материалы рассмотрены посредством мобильной видеосвязи с помощью мессенджера "WhatsApp".

Постановлением суда все правонарушители признаны виновными по пункту 6 статьи 476 КоАП Республики Казахстан и подвергнуты административному взысканию в виде штрафа в размере 26 510 тенге в доход.

Саркандским районным судом Алматинской области с использованием мобильного приложения «WhatsApp» рассмотрены материалы об административном правонарушении в отношении граждан К. и С. по пункту 2 и 3 статьи 476 Кодекса об административных правонарушениях Республики Казахстан.

Таким образом, участники процесса смогли принять участие в судебных заседаниях удаленно, не подвергая себя и других к опасности в период чрезвычайного положения в связи с пандемией COVID-19.

Судом правонарушители был признаны виновными и им назначены административные взыскания в виде административного штрафа в размере 26 510 тенге.

В целях предупреждения распространения инфекции COVID-19, а также с объявлением в стране «чрезвычайного положения» призываем граждан строго соблюдать Указание Президента РК от 15 марта 2020 года №285.

Ш. ХАМИТОВ.

ГОРДИМСЯ

ПОЛУЧИЛИ ПРИГЛАШЕНИЕ ОТ ЗАРУБЕЖНЫХ УНИВЕРСИТЕТОВ

Ученики 12 класса Назарбаев Интеллектуальной школы города Талдыкорган получили приглашение от зарубежных университетов.

Письмо из Германии прибыло для Даниила Филимонова, в котором Бременский университет Якобса приглашает Даниила заняться научными исследованиями в области робототехники и интеллектуальных систем. Даниил является победителем международных, республиканских соревнований по робототехнике, его проекты будущего ни раз становились призерами Всемирной олимпиады роботов. В этом году им был создан робот – учитель «Ziggurat». Проект был представлен сборной командой в олимпиаде роботов WRO-2019 и был удостоен III места. Сейчас юный робототехник, помимо учебы преподает для олимпийцев уроки программирования на платформе beyondcurriculum.kz.

В Нью-Йоркский технологический университет, обучаться на факультете «Business administration and management» приглашена Алима Батыркан. По словам Алимы образование за рубежом — это незаменимый опыт, развитие коммуникативных способностей и правильная расстановка приоритетов.

Письмо-приглашение поступило и для Альмиры Мендибек. Американский университет в Болгарии AUBG предложил Альмире обучиться на факультете «Journalism and mass media».

СОБ.КОРР.

• КОРОТКО О ГЛАВНОМ

В КАЗАХСТАНЕ УВЕЛИЧАТ ПЕНСИИ И ГОСУДАРСТВЕННЫЕ ПОСОБИЯ

НАКАНУНЕ ПРЕЗИДЕНТ РЕСПУБЛИКИ КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ ЗАЯВИЛ, ЧТО В КАЗАХСТАНЕ УВЕЛИЧАТ ПЕНСИЮ И ГОСУДАРСТВЕННЫЕ ПОСОБИЯ, ВКЛЮЧАЯ АДРЕСНУЮ СОЦИАЛЬНУЮ ПОМОЩЬ, НА 10% В СВЯЗИ С ЧП. ИНДЕКСАЦИЯ БУДЕТ ОСУЩЕСТВЛЕНА С 1 АПРЕЛЯ 2020 ГОДА, ПЕРЕДАЁТ «АЛАТАУ» СО ССЫЛКОЙ НА ПРЕСС-СЛУЖБУ МИНИСТЕРСТВА ТРУДА И СОЦИАЛЬНОЙ ЗАЩИТЫ НАСЕЛЕНИЯ РК.

ТЕПЕРЬ, ОБЩЕГОДОВОЙ РОСТ РАЗМЕРА ПЕНСИЙ И ГОСПОСОБИЙ УВЕЛИЧИТСЯ НА 10% ПО ОТНОШЕНИЮ К УРОВНЮ 2019 ГОДА. С УЧЁТОМ ПРОИЗВЕДЁННОГО ПОВЫШЕНИЯ В НАЧАЛЕ 2020 ГОДА НА 5%, РАЗМЕР ПОВЫШЕНИЯ БУДЕТ ДОВЕДЁН ДО 10% К УРОВНЮ 2019 ГОДА.

То есть размеры пенсионных выплат по возрасту и за выслугу лет, назначенных до 1 апреля 2020 года, с 1 апреля 2020 года повышаются на 5 процентов от получаемого размера. Перерасчёт всех пенсий будет произведён в текущем месяце: пенсионерам нет необходимости обращаться в государственный центр по выплате пенсий, это происходит в автоматическом режиме. Увеличенный размер выплат будут начислены в мае, также в мае заплатят разницу за апрель месяц.

Что касается социальных пособий, то их также повысили еще на 5 процентов, так как 1 января 2020 года размеры уже были увеличены на 5 процентов. Первые увеличенные пособия казахстанцы также получат в мае.

Также напомним, что в текущем году минимальная пенсия и прожиточный минимум выросли в Казахстане. Согласно закону, уже с первого апреля текущего года составлены следующие показатели:

• **Месячный расчетный показатель** (МРП) теперь равен 2 778 тенге. Эта цифра на 4,8% больше, чем МРП, который был установлен в начале года - 2 651 тенге. Размер МРП влияет на пособия по рождению и уходу за ребенком, а также на помощь многодетным семьям. Поэтому эти выплаты также должны увеличиться на 4,8%.

• **Базовая пенсионная выплата** с первого апреля составляет 17 641 тенге. Рост этого показателя опять же равен 4,8% по сравнению с установленным на начало текущего года - 16 839 тенге.

• **Минимальная пенсия** выросла до 40 441 тенге. Теперь она на 4,7% больше, чем была с начала года - 38 636 тенге. Изменение базового и минимального показателя повлияют на размер пенсии, именно эта ее часть вырастет примерно на 4,8%. На выплаты из ЕНПФ изменения также должны повлиять, потому что они рассчитываются на основе базовой пенсии.

• **Прожиточный минимум** (ПМ) вырос до 32 668 тенге. Это также на 4,8% больше предыдущего показателя, который раньше составлял 31 183 тенге. Размер ПМ влияет на объем адресной социальной помощи, дотаций по инвалидности, пособий по утере кормильца и других. Поэтому эти выплаты из гос. бюджета будут увеличены на 4,8%.

• **Минимальный размер заработной платы** - 42 500 тенге. Этот показатель не меняется с начала 2019 года, когда рост составил сразу 50% по сравнению с 2018 годом. Поэтому соцотчисления для людей, которые потеряли доход в связи с ЧП, остаются в прежнем размере.

Вместе с дотациями повысятся и платежи в госбюджет, например штрафы, пользование госуслугами, оформление документов. Потому что все эти взносы зависят от размера МРП.

«ALATAU-AQPARAT»

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚҰҚЫҚ

КАРАНТИНГЕ ҚҰЛАҚ АСПАҒАНДАР...

Алматы облыстық соты баспасөз қызметінің хабарлауынша, төтенше жағдайдың режимін бұзған және талаптарын орындамағандары үшін қозғалған әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер саны азаймаған. Мәселен, Талдықорған мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 476-бабымен жеке кәсіпкерлерге қатысты 11 әкімшілік материал қаралды.

Соның бірі, Талдықорған қаласындағы «Bingo 37» ойын-сауық клубы. Сотта анықталғандай, аталған кешен өз қызметін тоқтатпай, Қазақстан Республикасының аумағында жарияланған төтенше жағдайдың режимін бұзып, Алматы облысының бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің №4 санды 30 наурыз 2020 жылғы қаулысының талабын орындамаған. Соттың қаулысымен жеке кәсіпкер ҚР ӘҚБтК 476-бабының 3-тармағымен кінәлі деп танылып, әкімшілік жаза ретінде 5 тәулік әкімшілік қамаққа алынды.

Алматы облысының **Алакөл аудандық соты** жеке кәсіпкерлерге қатысты Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 476-бабының 6-тармағына сәйкес 2 әкімшілік материал қарады. «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес шығарылған Алматы облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 30 наурыздағы №4 қаулысының талаптары бұзылғаны анықталды.

Үшарал қаласында орналасқан «Ырыс» азық-түлік дүкені және «Диана» балалар әлемі сауда орны өз қызметін тоқтатпай, белгіленген режимге қарамастан дүкенде сауда жасалып жатқаны анықталды. Осылай төтенше жағдайдың белгіленген режимі бұзылған. Осыған байланысты, сот қаулысымен жеке кәсіпкерлер ҚР ӘҚБтК-нің 476-бабының 6-тармағына сәйкес кінәлі деп танылып, мемлекет кірісіне 26 510 теңге көлемінде айыппұл салынды.

Алматы облысы **Ұйғыр аудандық сотында** Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 476-бабының 6)тармағымен (төтенше жағдай режимін бұзу) көзделген құқық бұзушылықты жасаған жеке кәсіпкерге қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы 3 әкімшілік материал қаралды. Сотта анықталғандай, 2020 жылғы 24 наурызда азық-түлік дүкендеріне санитарлық-эпидемиологиялық тексеру барысында Шонжы ауылы «Лимон» дүкенінде нан өнімдері қаптамасыз сатылғаны, дүкен сатушысының бетпердесі жеткіліксіз болғаны анықталған. Осылайша сот қаулысымен барлық дүкен иелеріне Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-нің 476-бабының 6) тармағымен 26510 теңге айыппұл салынды.

Алматы облысы **Сарқан аудандық сотында** төтенше жағдайды өрескел бұзған құқық бұзушы Д-ға қатысты әкімшілік материал «WhatsApp» мобильді қосымшасы арқылы қаралды. Сотта анықталғандай, құқық бұзушы Д. ел ішінде төтенше жағдайдың жарияланғандығын біле тұра, мемлекеттік орган белгілеген режимді бұзып, ауданның бір тойханасында «Құдалық» өткізген. Сот, ҚР ӘҚБтК-нің 476-бабының 3-тармақшасы құқық бұзушыны кінәлі деп танып, оған жаза ретінде 26 510 теңге мөлшерінде әкімшілік айыппұл салды. Істердің мобильді қосымшалар арқылы қаралуы, іс бойынша тараптардың COVID-19 коронавирус пандемиясына байланысты енгізілген төтенше жағдай кезінде сот отырысына қашықтықтан, өздерінің және басқалардың денсаулығына қауіп төндірмей қатысуна мүмкіндік береді.

Алматы облысы **Еңбекшіқазақ аудандық сотымен** Түрген ауылының азық-түлік дүкенің иесіне қатысты Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 476-бабының 6-тармағына сәйкес 1 әкімшілік іс қаралды. Санитарлық-эпидемиологиялық тексеру актісіне сәйкес дүкенде санитарлық қауіпсіздік шараларын бұзу фактілері анықталды. Атап айтқанда: тамақ өнімдері, нан-бөлке және ысталған өнімдер өлшеп-оралмаған күйінде сатылып және сақталған, кіре берісте қолды өңдеуге арналған санитайзерлер орнатылмаған, антисептикалық және дезинфекциялық құралдар жоқ, сауда қызметкерлері қолғаптар мен маскалармен қамтамасыз етілмеген. Осылай төтенше жағдайдың белгіленген режимі бұзылған. Осыған байланысты, сот қаулысымен жеке кәсіпкер «Ақ-Жол» азық-түлік дүкен иесі ҚР ӘҚБтК-нің 476-бабының 6-тармағына сәйкес кінәлі деп танылып, мемлекет кірісіне 26 510 теңге көлемінде айыппұл салынды.

Ш. ХАМИТОВ.

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ



БҮГІНДЕ ТӨРТІНШІ ТОҚСАНДЫ БАРЛЫҚ МЕКТЕП ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТЫП БАСТАДЫ. ЕЛІМІЗ БОЙЫНША ОҚУДЫҢ БҰЛ ФОРМАСЫ АЛҒАШ РЕТ ҚОЛДАНЫЛУДА.

ҚИЫНШЫЛЫҚТЫҢ АРТЫНДА ҚУАНЫШ БАР

ҚР Білім және ғылым вице-министрі Шолпан Каринова қашықтықтан оқудың аралық көрсеткіштері атты онайн мәлімдемесінде: «*1 млн-ға жуық оқушы таңертеңгі 9.00-ден 14.30-ға дейін «Балапан» және «Еларна» телеарналары арқылы білім алуда. Бастауыш пен 9-сыныпқа дейінгі оқушылар таңертеңгілік оқыса, жоғары сынып оқушылары түстен кейін оқитын болады. Телеарнада көрсетілетін бағдарламалардың кестелері алдын-ала таратылды. Соған сәйкес әр сынып өзіне арналған бейне сабақтармен танысады. Мектептегідей қатып қалған қағида жоқ. Әр мұғалімге шығармашылықпен айналысуға мүмкіндік берудеміз. Оқушыларға эмоционалдық жағдай жасап, кері байланыс жасаулары қажет*», – деді. Сондай-ақ, берілген 10 минуттық сабақта балалар керекті ақпаратты алып, әрі қарай мұғалімдермен тікелей байланыс жасауы қажет. Телеарналардағы болатын 10 минуттық сабақта тек қана түсіндіру жұмыстары жүреді. Әлбетте, оқушылар қалыпты жағдайда 40 минуттық сабаққа үйреніп қалған. Басында қысқа мерзімді түсінбей қиналатыны белгілі. Сондықтан мұғалімдер 10 минуттық сабақтан соң балаларға онлайн шығып, түсінбеген жерлерін толықтырып, тапсырмаларды орындауларына көмектесуге әбден болады. Оған ешкім шектеу қоймайтындығын, осы тұста ата-аналардың оқушыларға деген қолдауын да атап өтті.

Алғаш рет жүзеге асқан жүйенің кем-шіліктері де жоқ емес. Бұл орайда елімізге белгілі ғалым, ағарту саласының үздігі Асқар Жұмаділдаев «Алматы» арнасына берген сұхбатында алғашқы аптада мұғалім де, ата-ана мен бала да қиналуы мүмкін. Дей тұрғанмен, қиыншылықтың артында қуаныш бар. Әлемде барлығы сандық жүйеге ауысып жатқандықтан, қашықтықтан оқудың берері көп. Сондықтан заман талабына сай өзгеру бүгінгі күннің басты талабы екенін айтты. Академиктің сөзінше мұндай проблема дүние жүзінде бар. «*Германияның өзін алатын болсаңыз, олар да интернеттің қиыншылығын, көп жер-де компьютер жоғын байқады. Аллауыт ел, технологиясы дамыған. Соның өзінде проблема бар. Демек, ондай мәселе бізде де болады. Бұл Америкада, Қытайда бар. Мынау көршілерді қараңыз. Өзбектер көшіп жатыр. Американы айтпай-ақ қояйық. Франция, Еуропаны айтпай-ақ қояйық. Демек, бұл көштен біздің қалып қойғанымыз ұят болады*», – дейді ол.

Дей тұрғанмен, оқушылар, ата-аналар мен ұстаздар өзгеше оқуға көшкен 4-тоқсанның алғашқы күнін қалай бастады? Ұстаздар қауымы төртінші тоқсан бұрын соңды қолданыста болмаған форматта басталған соң, қобалжу болғанын жасырмады. Бірақ оқудың алғашқы күні-ақ бар қорқыныш сейілген. Ал, ұстаз бен ата-ана, шәкірт бірлесе жұмыс жасаған кезде, олқылықтың орны тез толары анық.

«*Қашықтықтан оқуды бастадық. Әрине, басында қобалжу болғанын жасыра алмаймыз. Қазіргі таңда оқушылардың жіберген ақ тілегі, ата-аналардың ақ жарма ұсынысы мен пікірі ұстаздар қауымын шабыттандырып отыр. Әрине, кез келген жаңа бастамада кедергілер болары сөзсіз. Десе де, ата-ана, ұстаз үштігі бірлесе отырып, ынтымақтастықта жұмыс жасап, кез келген кедергіні бірлесе жеңеміз деген ойдамыз*», – деп ағынан жарылды Талдықорған қаласындағы №4 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Мадина Серікқазықызы.

Бұл тұрғыда оқушылар да қашықтықтан оқыту карантин тәртібін сақтай отырып, үйде білім алуға таптырмас мүмкіндік болғанын айтты. Әрі, қашықтықтан оқу жүйесінің тиімді жағы оқушылар өз бетінше ізденіп, білімдерін өрге қарай шыңдайды. Сондай-ақ, балалар мектепті сағынғанын да жасырмады. Білім табалдырығын аттап ұстаздармен жүздесетін күнді тағатсыздана күтудеміз дейді.

«*Қашықтықтан оқу барлық жағынан тиімді. Үй тапсырмасын электронды түрде жіберу де қолайлы. Алайда адамдармен қарым-қатынас жетпейді. Мәселен, достарыңды көру, бетпе-бет жүздесу... әрі ұстаздарыңды сағынады екенсің. Бәрі өтіп, мектеппен қауышар күнге тезірек жетейікші*» – дейді Назарбаев зияткерлік мектебінің 11 сынып оқушысы Аружан Манарбекқызы.

Балаларымен жаңа форматтағы оқу кестесін бірге меңгерген ата-аналар тарапы да жаңа жүйенің арқасында мұғалімнің қадірін білгендігін, әрі осындай шақта балаларының білім алып жатқанына қуанатындықтарын жеткізді. Айтуларынша, үйде телефон мен компьютерге телміріп отырғаннан гөрі сабақ оқып, үй тапсырмасын орындау әлдеқайда жақсы болды.

«*Балаларым мектепке бармаса да әдеттегіден ерте тұрып, жауапкершілік танытып, қашық-тықтан оқуға бірден кірісіп кетті. Бір аптаның ішінде жүрегізген дайындық бойынша сабақтарын оқыды. Әрине, мұндай тәжірибе алғаш болып тұрған соң, ата-ана ретінде алаңдаушылық туғызса, бір жағынан қызықты болды. Талдықорған қаласының №28 IT мектеп және Б. Жолбарысұлы атындағы №18 мектеп мұғалімдері көмегімен әр күніміз нәтижелі әрі сәтті өтуде. Шынын айтсам, балалармен бірге өзім де қайта білім табалдырығын аттағандай күй кешіп жүрмін. Үш баламның үлкені 9 сыныпта, ортаншысы 5 сыныпта, кішісі 2 сыныпта оқиды. Екеуі ересек болғандықтан, 2 сыныпта оқитын балама көмектесіп, бағыт берудеміз. Балаларым сабақтарын толықтай меңгеріп, өз бетінше ізденіп, тапсырмаларды орындауда. Оларға жаңа оқу жүйесі ұнады. Дәл осы шақта мұғалімнің қадірін одан сайын білетін болдық*», – дейді қала тұрғыны Майгүл Ибраева.

Алматы облыстық білім басқармасы берген мәліметінше, өңір бойынша 760 мектеп толықтай қашықтықтан оқытуға кірісті. Мектеп оқушыларының 55 пайызы интернет платформалары арқылы, қалған 45 пайызы телеарналар арқылы оқытылуда.

Қалай десек те, талай қиындықты бастан кешкен, «тал бесіктен жер бесікке дейін ілім алуды» айтып кеткен бабалар өсиеті қандай қиын жағдайда да тоқтамаса керек-ті. Маңыздысы індет кезіндегі карантин ережелерін сақтап, үйден шықпасақ, мектеп қабырғасына оралар күн де алыс емес.

С. ҚАСЫМБЕКҚЫЗЫ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БІР КҮН

ДӘНЕКЕРЛЕУШІ ТОҚТАР

Ол жеті жылдан бері дәнекерлеуші болып жұмыс жасайды. Бақтыбай ауылының тұрғыны. Есімі – Тоқтар. Қара темірден кісі қызығарлық құнды зат жасап шығаратын шеберге ауылдастары да дән риза. Күні бойы шашыраған оттың жалынына қарап отыруға мықты ерік-жігер мен денсаулық керек қой. Оның бір күні қалай өтетінін білгім келетінін айтқанымда «жарайды, бірақ, ертең көзің ауырса менен көрме», – деді қалжыңдап. Әзілдеп айтса да шынын айтқанын артынан білдім...

«Жұмыс жаққа ертерек келе бер», – деген кейіпкерімнің сөзінен кейін үйден ерте шықтым. Іштей: «*тым ерте шықтым, жұмысының алдында күтіп қалмасам жарарар еді*», – деп ойлап қоямын. Бірақ, олай болмады. Жұмыс алаңына кіргенімде төрт-бес адам әр жерде өз істерін жасауда екен. Бастары мен беттері жабық каскадан іздеген адамымның қайсысы екенін жыға тани алмай біраз бөгеліп қалдым. Аздан соң біреуі орнынан тұрып, бетінің жарты бөлігін жауып тұрған қара әйнегін көтерді. Іздеп келген адамым екен. Жылы амандасты. Одан соң жұмыс жайымен таныстыра бастады. «*Бүгін біз жігіттермен бірге бір үйдің іші мен ауласына қажетті дүниелерді жасаудамыз. Дәл қазір бәріміз сол үйдің қақпасына жабыстыратын оюлар мен баспалдаққа қажетті сәнді өрнектер құрастырудамыз. Әрқайсымыз өзімізге бөлінген міндеттерді білеміз. Соған орай шетінен бастап пазл сияқты құрастыра береміз. Бүгіндікке жоспар осы. Бәлкім уақытында бітірерміз, бәлки ертеңге қалар. Ең бастысы сапалы етіп жасау. Көргенде көз сүйсінерлік болса, кім жасаған, неткен әдемі жасаған деп тамсанса, бұл да бір ғанибет қой»* – деп жылы жымиды.

– *Жә, жігітім! Сұрағыңды жұмыс жасай жатып қоярсың, журналистке сұхбат беремін деп жұмысты ақсатқаным жарамас. Мә, мына артық касканы киіп отыр. Тек темірдің жалынына қараушы болма! Назарыңды басқа жаққа аудар»,* – деп ол іс басына беттеді. Мұндағылар Тоқтарды шебер деп атайды екен. Олай деуінің де өз себебі бар. Осындағылардың бәрінен жасы үлкен, әрі ұстаз. Көбіне электродты қысқашын алғаш ұстатқан осы Тоқтар екен. Еңселі, іші атшаптырым алаң болса да жан-жақтан ұшқындап жатқан оттың жарқылы көз қарлықтырып, темірдің күйген иісі қолқаны қабады. Электродты қысқашын қолына алып, маңдайына көтерген әйнегін көзіне қайта түсірді. Дәнекерлеу аспабын қайтадан қосып, жұмысына кірісе берді. Мен болсам шарт-шұрт еткен жарыққа қарай алмай, шебердің арқа тұсындағы орындыққа жайғастым.

– *Биылдыққа жасап жатқан төртінші тапсырысымыз»,* – деді дауысын қатайтқан шебер маған бұрылмастан әңгімесін бастап. *«Сәтті жасалып жатыр. Шүкір. Бұйыртса екі-үш күнде орнатып қалармыз. Осы ғой біздің несібіміз. Тапсырыс көп болса көз суырып, жан қинар тағы бір жұмыс деп қынжылмаймыз. Қайта қуанамыз»,* – деп ағынан жарылды ол. Айтуынша, осында істеп жүрген азаматтар-дың барлығы үлкен отбасыларды асырап отыр. Дәнекерлеушікке адамдардың көп сандысы табысы жақсы болғасын барады. Әйтпесе, денсаулыққа айтарлықтай зиян бар бұл саланың түбіне ешкім жетпеген. Тіпті Тоқтардың өзі басқа мамандыққа ауысуды ойлайды. Бірақ, икемі тек осыған ғана келетіндей тұрады.

– *«Дәнекерлеу дейді ғой біздің жұмысты. Бірақ, адамдар «сварка» деп атағанды жөн көреді. Сосын мына жерде шебер болғаныммен ауылда мені «сварщик Тоқтар» деп атайды. Осы кәсіпке келгенімде жиырмадан енді асқан жігіт едім. Алғашқы күні бетіме мынадай қорғаныс ұстамаған едім. Түнімен ұйықтай алсамшы, екі көзім ағып түсердей суырып ауырды. Бір күн жұмыс істеп, үш күн ауырдым, бір апта көзім қызарып жүрді. Омырау сүтін тамызып, жаным қалды. Тәжірибесіздік қой. Содан біраз уақыт жоламай жүрдім. Кейін арнайы оқу курсын тәмамдадым. Сонда барып мұның техникасын, қыр-сырын меңгердім. Білгенімнен білмегенім көп. Кейбір дүниені шәкірттерім болып келетін мына жігіттерден сұрайтын кезім де жеткілікті. Қазір техника жаңарып жатады. Біздің осыдан бірнеше жыл алдын істеткен құралдарымыз қазір қолданыстан шығып барады. Оның орнын мүмкіндіктері көп жаңа дәнекерлеу аспаптары басуда. Дәнекерлеудің сан түрлі техникасы бар. Әркімге әр түрлісі ыңғайлы. Қолайлысы осы екен деп оңайға жүгіруге де болмайды. Қауіпсіздік өте маңызды. Жаңадан үйренген жастардың көп жіберетін қателігі дәнекерлеу таяқшасын жанына қарай қисайтып сындырмай, тік жұлып алады. Бұл өз кезегінде жаңағы айтып отырған қауіпсіздікке, адам өміріне байланысты дүние. Сосын бір байқағаным, жігіттер қолғап киюді басы артық шаруа санайды. Бұл олай емес. Ыршыған шоқтан қол терісі күйеді әрі тез тозып кетеді»* – дейді ол.

Ертеңгілік жұмысқа келгендегі шебердің алғашқы шаруасы құрал-саймандарды тексеруден басталады. Содан қасындағы жігіттердің барлығына бірдей каска мен қолғап киюді, маска тағуды міндеттейді. Масканы тағу себебі адам өкпесін құртатын ең қауіпті дүние темірдің ысы екен. Дәнекерлеу жұмысын жүргізетін азаматтардың кір-кір киімдермен жүретінін көзіміз шалып қалады. Еңбек болғасын киімге май сіңіп, топырақ жұғуы заңды ғой деп ойлағанымызбен, Тоқаң жұмыс киімін ертеңгісін кеп кигенде жаңа жуылғандай болып тұруы керек деп шәкірттеріне үнемі ескертіп отырады екен.

– *«Жазда жұмыс сегізде, ал қыста тоғызға таман басталады. Бәріміз толық құрамда жиналғанда ғана іске кірісеміз. Әрине, кейде бір себептермен біреуіміз келе алмай қалсақ, оның сол күнгі міндетін барлығымыз бөліп аламыз. Осы сәуір туа жазғы уақытқа көштік».*

Ешкім қадағаламаса да топ болып тірлік етіп, таңнан қара кешке дейін от жалынына тесілетін мына азаматтардың тірлігі нағыз еңбек демеске шараң жоқ. Түскі демалыс уақыттары да қысқа болып шықты. Жігіттер үйлерінен әкелген тамақтарын ортаға қойып, арқа-жарқа әңгімелер мен дәнекерлеудегі тәжірибелерін бірі-бірімен бөлісе отырып, аз уақытта ауқаттанып, жұмысқа қайта кіріседі. Баптанып отыратын уақыт жоқ. Клиенттің көңілі қымбат. Қолға алған жұмысты тез бітіріп, келісілген межеден ерте жеткізіп берсе екі жаққа да қуаныш екенін мұндағылар жақсы біледі.

– *«Мұнда менікі, сенікі деген әңгіме жоқ. Кім ерте бітірсе, келесі жұмысты орындай береді. Бүгіндікке темір бұрандалар мен гүл пішіндерін, қазақы ою-өрнектерді құрастыру, сырлау менің мойнымда. Түске дейін бітірсем, түстен кейін оларды әсемдеп бояймын. Соның өзі бір күннің шаруасы. Әдетте, оңай сияқты көрінгенімен іске келгенде асқан мұқияттылықты талап етеді»,* – дейді кейіпкеріміз.

Шебердің сөзінше, қазіргі адамдарда таңдау көп, талғам жоғары. Бұрындары қақпа жасауға шифр мен темір бағаналар ғана керек болса, қазір адамдар оның әсемдігіне мән береді. Қақпасына самұрық, тауыс, жолбарыс сияқты аң-құстардың суретін темірден ойып салғызғысы келетіндер де көп.

Өмірі қолыма алып көрмеген дәнкерлеу құрылғысын сынап көрмекке аңсарым ауа қалды. Шебердің қадағалауымен жайлап пистолетін қолға алдым. Дайындалған темірге үйкелей ұрып қалғаным сол еді көз алдым жарқ ете қалды. Қолымнан өткен тоқтың дірілі бүкіл денемді шарпыды. Айтарға болмаса екінші рет қайталау-ға жүрексініп қалдым. Қаймығып қалғанымды аңғарса керек. *«Басында бәрі осылай басталады»,* – деді шебер қолымнан дәнекерлеу құрылғысын алып жатып. Енді маған әр қимылын қадағалу ғана қалды. Күн де түс әлеті болып қалды. Тоқтардың қолынан түймедаққа бейімделген темір гүлдер толассыз шығып жатты. Ендігі іс оны әдемілеп бояу. Сосын темір тақтаға орнату. Сонымен бір күннің міндеті орындалмақ. Бояуды орнымен қолдана білу де өнер. Әдемі өнер туындысын дұрыс қолданылмаған бояу бұзады. Бұған келгенде шебер қолғабын ауыстырып, қалыңдау маска тақты. Қорғаныш көзәйнегін киді. Оның жұмысы мен денсаулығына осынша мән беретініне риза болдым...

Дәнкерлеу әлемдегі ең қауіпті әрі ауыр жұмыс санатында. Оған бейімі бар адам істемесе, кез келген жанның игеріп кетуі екіталай шаруа. Тоқтардың бір күндік дәнекерлеу ісінен соған көзім жетті. Үйге жете менің де көзім түйіліп, түнімен ашып ауырып шықты. Ал жыл бойы осының басында жүрген азаматтардың не жаны жүргені тәңірге аян. Құдайдың берген қуаты шығар?! Әр адамның риздығы әр кәсіптен. Тоқтар «Еңбегің қатты болса, татқаның тәтті болар» – деген аталы сөзді жеңілдеу басқа жұмысқа ауысып ал дейтіндерге үнемі айтып отырады екен. Соған сай табысы да жаман емес. Өз жұмысына адал, жұртқа пайдасы болмаса, зиянын тигізбейтін осындай адамдардың болғаны қандай жақсы. Онымен өткізген бір күнімде дәнекерлеу жұмысындағы кейбір есте сақтауға тиіс маңызды дүниелермен ақпараттандым. Жанымда жүрген жақсы адамның жақсылығын көрдім. Ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев шоу-бизнес өкілдерінен көрі ғалымдар мен еңбек адамының қоғамға көбірек пайдалы екендігін айтқан болатын. Ендеше, отбасын, әулетін асырау үшін, жарғақ құлағы жастыққа тимей жұмыс жасайтын еңбек адамын үлгі ету ақпарат саласында жүрген біз үшін таусылмас тақырып.

А.НАЗЫМҰЛЫ.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

СЕРВИСТІК ДАЙЫНДАУ ОРТАЛЫҒЫ ҚҰРЫЛДЫ

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ ХАБАРЛАУЫНША, БИЫЛҒЫ ЖЫЛЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНДІ ДАМЫТУ МАҚСАТЫНДА 6 СЕРВИСТІК-ДАЙЫНДАУ ОРТАЛЫҒЫ ҚҰРЫЛДЫ. ОЛАР ДӘНДІ ДАҚЫЛДАР, КҮРІШ ЖӘНЕ МАЛ АЗЫҒЫ БАҒЫТТАРЫНА АРНАЛҒАН. СӨЙТІП, СОҢҒЫ ЖЫЛДАРДА ОБЛЫСТА ҚҰРЫЛҒАН СДО-ЛАР САНЫ 50-ДЕН АСҚАН.

Елбасының «Қазақстан – 2050» Стратегиясында тұрғындарды отандық азық-түлікпен қамту мемлекеттің басты бағдары ретінде белгіленіп, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеті қойылған болатын. Бұл ретте Алматы облысында қант қызылшасы мен шектес салаларды дамыту мақсатында «Жетісу» ӘКК сервистік дайындау орталықтарын құрды.

Бұл шара облыстағы агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың тиімділігін арттыру, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін кооперациялау, машина-трактор парктерінің техникаларын жаңарту, жаңа жұмыс орындарын ашу, сол арқылы ауыл халқының тұрмысын жақсарту мақсатында атқарылып отыр. Мәселен, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне қарағанда, 2011-2019 жыл аралығында жалпы саны 45 СДО құрылған. Соның ішінде 29 СДО қант қызылшасы бағыты бойынша, 7 СДО – дәнді дақылдар, 3 СДО – картоп, қалғандары көкөніс, жүгері, күріш, мал азығы бағыттары бойынша жұмыс істейді. Бұл орталықтар облыстың 13 өңірін қамтып отыр. Лизингіге 1 116 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы мен құрал-жабдықтары берілді. Сонымен қатар 250 ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері мен шаруа қожалықтары біріктіруге мүмкіндік жасады. 12 700 жаңа жұмыс орны құрылды, соның 700-і тұрақты, 12 мыңы маусымдық жұмыс орындары. Орталықтар жыл сайын 850-900 шағын және орта шаруа қожалықтарына қызмет көрсетеді. Жылына 28 00 га егіс алқабын өңдеуге үлес қосып отыр.

Мұндай орталықтар құру жұмысы биыл да жалғасып, дәнді дақылдар, күріш және мал азығы бағыттарында 6 СДО құрылды. Оларға жалпы сомасы 1,1 млрд. теңге болатын 86 бірлік техника сатып алу жоспарланған. Соның арқасында 53 жұмыс орны құрылады. Аталған СДО-лар Ескелді, Көксу, Балқаш, Қаратал, Райымбек, Кербұлақ аудандарында жұмыс істеуде.

Жалпы сатып алынған ауыл шаруашылығы техникалары жоғары өнімділікті және заман талабына сай, олар негізінен Claas (Германия), John Deere (АҚШ), Amity Technology (АҚШ), Franz Kleine (Ресей), Grimme (Нидерланд), DEUTZ-FAHR (Германия), Monosem (Франция), Top-Down (Швеция), Kverneland (Норвегия), YTO International (ҚХР), Ростсельмаш, Беларусь, Агромаш Холдинг және басқа да әлемнің жетекші зауыт өндірушілерінен және олардың ресми дилерлерінен сатып алынды.

Бұл шаралардың барлығы да агроөнеркәсіптік кешенді дамытуда мультипликативті әсер беретін болады.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

Алатау
Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

С ПОМЕТКОЙ ДЛЯ САДОВОДА

КАКИЕ ЦВЕТЫ САЖАТЬ в апреле 2020 года

Весенний месяц – апрель, переводится как расцветающий, раскрывающий свои дары. Он считается самым жизнелюбивым месяцем в году. В народе говорят «всю землю в цветы апрель одевает, всех людей к радости он призывает». А как мы знаем цветы – это радость для садовода. А какое разнообразие их в природе! Просто диву даешься. В свою очередь, мы подготовили для вас список цветов, которые можно посадить в апреле 2020 года. Надеемся, что наша подборка поможет в осуществлении вашего выбора.

ИПОМЕЯ

Эта прекрасная лиана с цветками-граммофончиками предпочитает защищенные от ветра места и рыхлые почвы. Перед посевом семена ипомеи замачивают на сутки в термосе с теплой водой для набухания. Те семена, что не набухли, накалывают иглой и опять опускают в теплую воду на сутки. Вместо воды можно использовать водный раствор Корневина или Гетероауксина. Сеять крупные семена ипомеи легко: в каждую лунку опускают по два семени, затем лунки засыпают грунтом и поливают, после чего мульчируют клумбу торфом. Если по прогнозу предстоят заморозки, посевы накрывают пленкой.

ЭШШОЛЬЦИЯ

Это растение, которое еще называют калифорнийским маком, некапризно, его просто вырастить и за ним легко ухаживать. Эшшольция светолюбива, растет на дренированных почвах практически любого состава, но с нейтральной или слабощелочной реакцией, цветет с июня до сентября.

Сеют семена эшшольции, хранившиеся зиму в овощном ящике холодильника, слегка вдавливая в грунт, после чего участок поливают и мульчируют торфом. Некоторые садоводы сеют семена по подтаявшему снегу, после чего укрывают посевы мульчей. Всходы появляются обычно спустя 2 недели, и нуждаются в незамедлительном прореживании – оптимальное расстояние между сеянцами в итоге должно быть 20 см.

ДУШИСТЫЙ ГОРОШЕК

Это растение называют также чина душистая. Оно является одним из самых красивых вьющихся однолетников. Душистый горошек хорошо развивается на безветренных солнечных или слегка затененных участках. Учтите, что резкие перепады температур могут вызвать сброс растением бутонов.

ПОЛИВ ЦВЕТОВ

Если зима была со снегом, а весна с дождями, то молодым всходам поливы будут не нужны. Когда земля прогреется, и солнце начнет палить по-летнему, поливы молодых растений лучше производить из лейки, выливая воду под основание стебля и не используя разбрызгиватель, чтобы капли не попадали на стебли и листья растений. Для полива лучше всего использовать теплую, нагретую за день солнцем воду.

Можно поливать садовые цветы из шланга, однако в этом случае будьте особо осторожны, следите за тем, куда льется холодная водопроводная вода: недопустимо ее попадание на листья и стебли, струя должна бить только в грунт вокруг цветка. Не стремитесь создать сильную струю, чтобы она не размыла почву и не оголила корни растений.

Почва горошку требуется плодородная, воздухопроницаемая, нейтральной реакции. Недопустимо выращивание растения в местах с высоким залеганием грунтовых вод. При подготовке клумбы ни в коем случае не используйте в качестве удобрения свежий навоз. Не нужен душистому горошку и азот – он сам добывает его из воздуха.

Сеют семена по 2-3 штуки в лунки, расположенные на расстоянии 20-25 см друг от друга, засыпают грунтом, уплотняют его и мульчируют участок. Зацветет душистый горошек, посеянный в грунт, к середине лета.

КАЛЕНДУЛА

Этот цветок обрел популярность еще во времена древних греков и до сих пор не утратил ее. Календула не только украшает летнюю клумбу, но и является одним из самых целебных растений. Ее выращивают как рассадным способом, так и посевом семян непосредственно в грунт, в который за две недели до посева вносят удобрения. Схема посадки цветов календулы такова: посев производят на глубину 1-2 см на расстоянии 25-30 см друг от друга. Интервал между рядами – 60-70 см, если вы выращиваете календулу как декоративное растение, и 30-40, если как лечебное. В этом случае и дистанцию между кустиками можно сократить до 7-10 см.

Всходы появляются уже через неделю, а через 2-3 недели после их появления сеянцы календулы декоративной прореживают, оставляя между ними промежуток в 25-30 см. Удаленные с клумбы лишние саженцы цветов можно пересадить в другое место. Зацветет календула через 10 недель после посева – к середине лета.

АДОНИС

Он же горицвет. Мифический цветок, ставший популярным в XVII веке и до сих пор не утративший в глазах цветоводов своего очарования. Идеальное место для растения – солнечный участок, который после полудня погружается в тень. Лучший грунт – богатая известью и органикой легкая, хорошо дренированная почва с водородным показателем 7-7,5 единиц. Семена однолетнего адониса, собранные с шестилетних кустов, хранят зимой в овощном ящике холодильника, после чего держат сутки в теплой воде для набухания, после чего сеют на глубину 1-2 см. Прорастают они при температуре 5 °С через месяц.

ДЕКОРАТИВНАЯ КАПУСТА

Планируя украсить свой цветник чем-нибудь необыкновенным, вспомните об этом растении, которое при своей бесспорной декоративности совершенно неприхотливо и легко переносит кратковременные весенние заморозки. Они даже идут ему на пользу, придавая листьям более сочный цвет. В качестве грунта капуста предпочитает богатые гумусом суглинки и супеси. Что касается освещения, то она одинаково хорошо растет и на ярком солнце, и в легкой тени, хотя листья растения с затененной клумбы не отличаются тем сочным зеленым цветом, что листья капусты, растущей на солнцепеке.

За неделю до посева заверните семена капусты в пропитанную раствором органического удобрения марлю и поместите в темное прохладное место. Как только семена наклюнутся, можно приступать к посеву. Семена раскладывают по поверхности грунта и присыпают слоем почвы толщиной 1 см. При посеве учтите, что капуста вырастает иногда до 60 см в диаметре, поэтому раскладывайте семена на расстоянии хотя бы полуметра. Когда у всходов разовьется 3-4 листика, их прореживают, а лишние растения пересаживают в другое место.

ПОДКОРМКА ПОСЕВОВ

Растениям для нормального развития необходимы как минимум 16 питательных элементов, основные из которых углерод, водород и кислород они получают из воды и воздуха, а вот как организовать обеспечение растений необходимым количеством остальных элементов, следует позаботиться вам. При этом очень важно соблюдать норму, поскольку избыток вещества может принести такой же вред, как и его недостаток. Весной, когда растения трогаются в рост, им больше всего нужен азот, но если они получат его в чрезмерном количестве, то начнут наращивать зеленую массу, а цвести не станут. Этого ли мы ждем от садовых цветов?

ВАСИЛЬКИ

Видов этих изящных, холодостойких, неприхотливых и устойчивых к болезням растений насчитывают около 500. Отличаются они обильным и продолжительным цветением, а некоторые из них еще и целебными свойствами. Окраска цветков василька может быть не только синей, но и белой, розовой, желтой, голубой или фиолетовой.

Выращивают однолетние васильки на хорошо освещенных участках, расположенных на южной стороне. Грунт василькам подойдет плодородный, с большим содержанием гумуса и нейтральной реакции. Сеют семена васильков в предварительно перекопанную на глубину штыка лопаты с удобрениями почву – 2 кг торфа или перегноя, 100 г древесной золы и столовая ложка нитрофоски на м². Подготовить грядку нужно недели за две до посева.

В конце апреля, если зима была бесснежная, а весна сухая, земля для посадки цветов хорошо увлажняется, в ней делают неглубокие бороздки, в которые сеют семена, а сверху засыпают их слоем грунта толщиной в 1 см, после чего посевы слегка утрамбовывают, а затем накрывают водопроницаемым материалом. Поливают посевы по мере высыхания грунта – через 2-3 дня прямо через ткань, расходуя по 2 л воды на м², но через неделю, как только появятся ростки, покрытие снимают. Подросшие всходы прореживают, оставляя между экземплярами расстояние 10-12 см.

СОБ.КОРР.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚЫЛМЫС

ТӘРТІПКЕ БАҒЫНҒАН ҚҰЛ БОЛМАЙДЫ

Жер бетін жайлаған коронавирус індетінен етекжеңін жинай алмай жатқан әлем жұртының үрейі әлі басылар емес. Осы кеселге байланысты барлық өңірде қатаң шаралар қолға алынып, карантин жарияланса да, заңға бағынбай қылмысқа барып жатқан жандар бар.

Әшейінде құқық қорғау органдарын жерден алып, жерге салатын қараша қазір осы құзырлы органдарға тәртіпке бағынбағандарды қатаң жазалауды, ырыққа көнбей баратын індетті таратушылар осы заңдық талапқа бағынбайтындар деп жар салуда. Алайда, қоғамдық тәртіпті күзетуде өздеріне жүктелген міндеттерін абыроймен атқарып жүрген полицейлер де дәрігерлермен қатар күндіз-түні елдің тыныштығын күзетуде. Әсіресе, базарлардағы жабайы саудаларды ауыздықтауда санитарлық- эпидемиологиялық қадағалау мекемесімен бірлесіп күресіп жатқан полицейлер карантин шарттарын бұзғандар және медициналық бетперделерді заңсыз саудалағандарды құрықтауда. Халықтың қалтасын қағып, қысылтаяң уақытта «екі жеп биге шығуды» көздейтін пысықайлар, алаяқтармен арпалысқан ішкі істер органдарының криминогендік жай-күйі туралы ақпаратқа зер салып көрелік.

Алматы облысы полиция департаментінің берген мәліметіне жүгінсек, елмізде төтенше жағдай жарияланғаннан бері өңірдегі қылмыс саны 40,7 пайызға төмендепті. Мәселен, қылмыстық құқық бұзушылықтың барлық түрінде төмендеу бар дейді. Демек, елдегі қиын жағдайды қылмыс жасамаса «бастары ауырып, балтырлары сыздап» қалатын бұзақылар да түсінсе керек. Әсіресе, кісі тонайтын қарақшылардың қолымен жасалатын қылмыс 36,8 пайызға, бұзақылық 31,25, өзгенің мүлкіне көз салу 56,7, зорлық-зомбылық 33,3, өрістегі малды үйірлеп, табындап, одан қалса қорадағы қолды қылатын мал ұрлығы 25,5, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру 21,8, өзгенің көлігін ұрлап кету 22,2 пайызға төмендеген. «Ауру қалса да әдет қалмайды» дегендей, күнделікті тіркеліп есепке алынып жататын сан түрлі қылмыстар мүлде тоқтап қалған жоқ, тоқтауы да мүмкін емес. Әлемді жаулаған коронавирус қылмыскерлердің санасына салмақ салып тұр. Қылмыс хроникасы да жұқпалы індет сияқты бірде үдеп, бірде бәсеңдеп тұруы заңды құбылыс. Елді есінен тандырып жатқа індет өршігелі бері үлкен қала Алматы мегаполисінің қасындағы Алтын-Орда базарының аумағында бір ұрлық дерегі тіркеліп, ол ізі суымай ашылыған. Бұл Қарасай ауданына қарасты аймақ. Дәл осы өңірде өзгенің мүлкін ұрлаған 29 дерек тіркеліпті. Сұғанақ қолды мұндай қылмыскерлер Жетісудың басқа өңірлерінде де бары айдан анық. Полицейлердің айтуынша, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда тура осы Қарасай ауданында 74 қылмыс жасалыпты. Сан жағынан көрсеткіш төмендегенімен, сапа жағын алып қарасақ, қылмыскерлер әлі айылын жия қойған жоқ. Қылмыстың төмендеу деңгейін өңірлердегі карантин мезгілімен салыстыруға болады. Себеп, әр қадам аттаған сайын постар мен полицейлер, әскерилердің жіті қадағалауында тұрғандықтан қылмыскерлер де аяқтарын аңдып басуда. Тек оңтайлы сәтті күтіп, жемтігін аңдыған жыртқыштай бұғып жатқандарын байқауға болады. Бұған да нақты мысалдар келтіре кетейік. Төтенше жағдай енгізілгелі бері облыс аумағында кісі өлтіру немесе қарақшылық шабуыл жасау сынды ауыр қылмыстар тіркелмепті. Онсызда, «жау-жағадан алғанда бөрі етектен тартыпты» дегендей,«шықпажаным, шықпа» деп, әрең күнелтіп отырған қарашаның күнделікті тұтынатын азық-түлігінің бағасын аспандатып, қалтасын қағып отырған алыпсатарларға жем болған қауым, онсыз да жұқпалы індеттен қырылып қалмасақ екен деп үрейленіп отыр. Бірақ... Осының астарында көп сауал жатыр. Күннен-күнге шарықтаған баға, жабылып жатқан базарлар мен сауда нүктелері қылмыстық криминогенді көбейтіп жібермей ме? – деген күдік те көкейде тұр. Елдің ахуалы күннен-күнге тарылатын болса, сонау 1998 жылдары шарықтау шегіне жеткен қарақшылық шабуылдар, ұйымдасқан қылмыстық топтар қайта өршуі мүмкін деген ел ішінде алып қашпа әңгімелер өріп жүр. Алайда, ол кезеңмен қазіргіні салыстыруға мүлде келмейді. Одан бері 20 жылдан астам уақыт өтті. Ішкі істер органдарында тәжірибелі мамандар көбейіп, заманауи техникалармен жабдықталды. Дей тұрғанмен, қылмыскерлер де түрленіп сала беретін тоты құстай түрлі айла-шараларға барып жүр. Оны соңғы жылдарда жасөспірімдер арасындағы қылмыс көрсеткішінен көруге болады. Қазір уақытша болса да бәсеңдеген қылмыспен көңілді жұбатуға мүлде болмайды. Оның басты себебін мақала басында айттық. Олар Алматы қаласына кіре берістерге қойылған 17 блок-бекет. Бұл блок-бекеттердің негізгі міндеті – қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Әрі коронавирустың алдын алу. Ең көп блок-бекет Қарасай ауданының аумағына орналастырылған.

Жалпы Алматы облысы бойынша Алматы қаласының іргесіндегі аудандарда қылмыс жиі жасалатын. Қазіргі таңда сауысқандай сақ қимылдаған құзырлы органдардың қырағы көзінде тұрған аймақтарда қылмыстық ахуалдың төмендеуіне осы себеп. Дегенмен, 42 адам ҚР ӘҚБК-нің 476-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Оның ішінде 40 адам кіріп-шығудың ерекше тәртібін бұзғаны үшін, ал екі азамат көп адам қатысатын іс-шара ұйымдастырғаны себепті жазаға тартылыпты. Олардың 30-ына 3 тәуліктен 10 тәулікке дейінгі әкімшілік қамау түріндегі санкция қолданса, қалғандарына 10 АЕК мөлшерінде айыппұл салынған. Халық батыры Бауыржан Момышұлы айтқандай: «Тәртіпке бағынған құл болмайды». Ғаламшарды шарлаған кемесапты кеселден, күніне ажал құшып жатқан адамзатты құтқарудың емін таба алмай, дағдарып қалған әлем медицинасымен ғалымдардың «шақшадай бастары шарадай» болып жатқанда, Қазақстандағы қылмыс хроникасының бәсеңдеп тұрғанына тәуба дейсің! Жаратқан жаппар ием, елді індеттен, ел ішіне бүлік салатын бүлікшілерден, сұқ көздер мен сұғанақтардан, жемқорлар мен алаяқ, баукеспе қанішерлерден сақтай гөр дегенді халық та жиі айтатын болған! Бұған біздің де алып-қосарымыз жоқ!

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

БІЛІМ

ДУАЛДЫ ОҚЫТУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ НЕДЕ?

ҚР Президенті барлық отандық компанияларды дуалды білім беру жүйесіне атсалысуға шақырды. «Бүгінде бұл жүйе 60 елде жұмыс істеуде. Мен барлық қазақстандық компанияларды осы жүйемен шұғыл айналысуға, ал Үкіметке оны қадағалауды тапсырамын», – деді Елбасы.

Бұл ретте Мемлекет басшысы аталған жүйені енгізген «Қазақмыс», «Кегок», «Самұрық-Қазына» сынды компанияларды атап өтті. «Онда білім алушы өндірістегі тәлімгер болып табылады, әрі оған жалақы тағайындалып, білім алады», – деген ҚР Президенті сол жерден алған кәсібінің басқа мекемеде жұмыс істеуі барысында мол пайдасы тиетіндігін баса айтты .

Дуалдық оқытудың негізгі артықшылықтарына ең алдымен түлектердің жұмысқа орналасуының жоғары пайызын қамтамасыз ететінін жатқызуға болады. Өйткені олар жұмыс берушінің талаптарына толығымен жауап береді. Оқыту өндіріс қажеттілігіне барынша жақын. Есте қалатыны, дуалдық оқытудың қатысушысы ең кіші компания болуы мүмкін. Екіншіден, білім алудың жоғары деңгейіне жетеді, болашақ қызметкердің психологиясы қалыптасады. Осы орайда жасалынып жатқан колледждердің эксперименттік жұмысы базалық мекемелер тарапынан оң баға алынып, елімізде бұл жүйемен айналысу қажеттілігі мен артықшылығы дәлелденіп, дайындау мен енгізу жұмыстары жүргізілуде.

Дуалдық жүйе өз мәнінде білім беру мекемесі мен өндірісте қатар білім алуды білдіреді. Білім беру теория мен тәжірибенің байланысы принципіне негізделеді. Дуалдық жүйеде тараптардың қарым-қатынасы теңтеңдік және әділдік принциптері негізінде құрылады. Әлеуметтік серіктестікке қатысушылар оқыту нәтижесіне ғана емес, сонымен қатар оқытудың мазмұнына, оның ұйымдастырылуына мүдделі. Білім алушылардың әлеуметтік кепілдікке ие болуға және бәсекеге қабілетті маманды алуға, мемлекеттің кәсіби мамандарды даярлауға тапсырыстың қалыптасуына және орындалуына, өндірістің өміріге және жұмысқа жақсы дайындалған білімді мамандардың келуіне, оқу орнының білім беру қызметіне сұраныстың артуына деген мақсаттары орындалады. Бұл үшін ең алдымен Елбасы Жолдауында көрсетілген алғашқы екі бағыт соңына дейін қарастырылуы қажет. Мұның біріншісі, ел ішіндегі жұмыссыздықпен күресу. Жұмыссыздық мәселесі еліміздің, қоғамның ілгері дамуына өзінің теріс әсерін тигізбей қоймайды. Бүгінде тұрақты жұмысы, меншікті баспанасы және мамандығы жоқ үлкен әлеуметтік топ пайда бола бастады. Екінші бағыт, өз тамырын осы аталған бірінші бағыттан тарта алады. Өйткені, баспанасы жоқ жанның әлеуметтік көңіл-күйі де, мемлекет болашағына деген сенімі де жоғары болмайды.

Дуалдық оқыту жүйесіне еліміздің 100 колледжі енгізіледі. Қазіргі кезде қалаларда техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері, ал жалпы алғанда, еліміздің 100-ден астам колледжінде ауыл шаруашылығы, көлік, металлургия, машина жасау, мұнай-газ, химиялық және кен өндірісі салаларындағы кадрларды дуалдық білім беру жүйесімен дайындау элементтері енгізілу міндеттеліп отыр.

Ш. МАЛЫБАЕВ,
Бақанас аграрлы-индустриалдық колледжінің өндірістік оқыту шебері.
БАЛҚАШ АУДАНЫ

Алатау

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОРАҚТЫ БАТЫРДЫҢ ТУҒАНЫНА – 600 ЖЫЛ

ҰРПАҚҚА ҰРАН БОЛҒАН –

Соңы. Басы өткен санда

Екінші: Орақты батырдың өмірдерегі

... Төрт құбыламызды ертерек түгендеп, зерттей бастаған да тарихтың халықтану және тұлғатану атты арнайы саласы осы күнге дейін бір жүйеге келер еді-ау. Басынан қасірет арылмаған қазақ халқы ғасырлар бойы аттың жалында, түйенің қомында жүріп, елдігі үшін айқасып, жері үшін шайқасып өз тарихын найзаның ұшымен, білектің күшімен, тұлпардың тұяғымен жаздырып қалдырған .

Өткен 15 ғасырда қазақтың сайын даласында тозған елінің көшін түзегендердің бірі – Жалайыр Орақты батыр. Ол 15 ғасырдың орта тұсында Алтын Орда хандығы ыдырап, оның құрамындағы ірі тайпалар Керей мен Жәнібек сұлтандардың басшылығымен Шу бойына қарай көшкен шақ. Бұл оқиға 1460-1465 жылдары болса керек. Осы кезде көш басында алаштың ақ туын қолына көтеріп шыққан қолбасшы батырларымыздың бірі – Орақты.

Оның тегі – қазақтың аға тайпасы он үш ата тарақ таңбалы жалайыр ұраны: Бақтияр Бөрібай, Қабылан.

Биыл туғанына 600 жыл толып отырған қас батыр Орақтының үрім-бұтағы дайындық үстінде. Ең алғашқы шара батырдың ұрпағы Серік Әбікенұлы ер жүрек батырдың суретін алғашқы рет түрлі түсті етіп жасатқан. Орақты батырдың қазір қолда төрт түрлі суреті бар. Ұрпағына ұран болған батырдың ұлқыздары тойын абыроймен атқаратына сенімдіміз.

Әкесі Алшағыр да батыр ел билеген би болған. Орақтының анасы Қарақыпшақ Қобыланды батырдың туған қарындасы-Қарлығаш дейді жазушы О.Исмаилов («Октябрь туы» 1989 ж. 21 қаңтар).

Орақты батыр Алшағырұлы 1420 жылы Қазақстанның оңтүстік өңірінде өмірге келген.

Қазақ Совет Энциклопедиясында: «Орақты – Ұлы жүз, Жалайыр бабасының Шумағынан тараған ру. Шежіре деректері бойынша Орақты: Төке, Кенже, Әжіке, Көшей, Көкшекөз, Жайықбай деген аталарға бөлінеді. Орақты ұрпақтары Октябрь Революциясынан бұрын қазіргі Талдықорған облысындағы Қаратал және Жамбыл облысының Мойынқұм, Шымкент облысындағы Алғабас ауданын мекендеген. «Ұраны – Бақтияр, таңбасы-тарақ».(ҚСЭ 8 том Алматы «Қазақ Совет Энциклопедиясы» 1976 ж. 527 бет).

Ал Жетісу энциклопедиясы «Орақты (15ғ. өмір сүрген), қолбасшы батыр. Керей мен Жәнібек хандардың туыстасы. 1465 жылы шаңырақ көтерген Қазақ хандығының нығаюына үлес қосқан. Ойрат басқыншылары қарсы шайқастарда ерлік көрсеткен.Тегі Жалайыр руынан шыққан...

Ұрпақтар 1995 жылы Балқаш ауданындағы Жиделі ауылында батырға ақ мәрмәрдан ескерткіш орнатты. Батыр жерленген шоқы бұрыннан «Орақты төбе» деп аталады. Талдықорған қаласындағы бір көшеге батыр есімі берілген. (Жетісу. Энциклопедия. Алматы. «Арыс» баспасы 2014 ж. 485 бет).

(Қазақ Ұлттық Энциклопедиясы 7 том), Қазақ тарихы, Айбын, Абылай хан энциклопедияларында жоғарыдағы екі энциклопедиядағы деректер жазылған екен.

Орақты руының шежіресі туралы, шежіреші Досымбек Жақсылықов былай дейді: «...Орақты шежіресінің бірнеше түрлері бар. Олардың бірінде қазірге дейін 25 ата, екіншісінде 19, үшіншісінде 14 ата болып келеді». (Жақсылықов Д. Жетісу жалайырлары. Шежіре. Талдықорған 2011. 5-23 бет).

Енді Орақты есіміне зер салайық. Кейбір деректерде Орақты немесе Орақ, ал орыс, шетел тіліндегі әдебиеттерде Урак болып айтылған.

Журналист Серік Әбікенұлы Орақ (Орақты) аттас 4 адамның есімін атайды.

Біз тарихтан білетін 4 батыр бар:

Бірі – 17 ғасырда өмір сүрген, «Орақ-Мамай» жырының кейіпкері, ноғай биі Мұсаның ұлы Орақ батыр.

Екіншісі, Қазалы маңында мұнарасы тұрған, 18-19 ғғ. Хиуаға қарсы соғысқан, дұшпаны намаз үстінде басын алған Орақ батыр. Мұнара батыр қаза тапқан жерге салынған.

Үшіншісі, 1868 жылы Маңғыстаудағы Досан Тәжіұлының көтерілісіне қатысқан Орақ Байдалыұлы.

Төртіншісі, ұрпағы 12 ата жалайырдың бір тармағына айналған Орақты(Орақ) батыр Алшағырұлы... (Әбікенұлы С. Ердің сойы – Орақты. «Жетісу» 2018 ж.21сәуір).

Бұған тағы қосарымыз Арғында Орақты шешен, арғынның қараул руында Орақты батыр болғанды белгілі.

Енді әкесі Алшағыр (Әлшагір) аттастарға көңіл бөлейік:

Бірінші, Ноғайлы (Ноғай) Едіге би ұлы (1352-1481 жж) Алшағырдан – Нураддин. Нураддиннен - Мұсахан, Мұсаханнан - Орақ пен Мамай, Орақтан -Қарасай (Қазақ Совет Энциклопедиясы. 8 том. Алматы, ҚСЭ бас редакциясы 1976 ж. 226-227 бет)

Екінші, Арғын Алшағыр шешен, ол айтқан екен: дүниеде 3 жетім бар деп: басшысы келіспесе ел жетім, ұқпасқа айтқан сөз жетім, жаңбырсыз жер жетім тағы басқа нақыл сөздері көп (Жетісу 2016 8 тамыз).

Алшағыр деген тау Ерейментау ауданы Ақмола облысында бар (Ақмола Энциклопедия. Алматы «Атамұра». 1995ж. 204 бет). Алшағыр есімі басқа да қазақ ру-тайпаларында кездеседі.

Ал, Жетісуда белгілі, беделдң қарымды журналист, ақын Нұрғали Омарқұлұлы «Орақты батырды ойға алсақ» деген мақаласында: Кейбір шежірешілер оны Алшағырдың әкесі Қарақожаға келіп Қарақожаұлы Орақты деп те атайды дейді (Жерұйық 1995 ж. 25 тамыз).

Енді Орақты батыр басқа да туғантуыстарына көңіл бөлейік. Алғашқы батыр туралы поэма жазған халық ақыны Қалқадан бастайық. «Елім сені жырлаймын» атты жыр-дастанында (Алматы. «Жалын» 1996 ж. батырдың қарындасы Оралбике (31 бет) інісі Мырзаш (51 бет) ал шешесінің атын атамайды (51 бет).

«Аға баласы» мақаласын жазған Майра Алдабергенова Орақты батырдың қарындасы Сұлушаш деп жазған. (Шыңғысхан 2019 номер 2 (31,221 бет). Бұл есімді қарындасымыз қайдан алған деген заңды сұрақ туындайды?

Баһадүр бабаны көп зерттеген әрі ұрпағы Ораз Исмайлов 2005 жылы М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының алған дастанында (6:3734 ИНВ. 986. Папка 4250) батырдың анасы Қамқа қарындасы Мақпал деп жазылған. (Исмайлов О. Мұрағат-мұрағатқа жеткізер «Жетісу» 2008 ж. 4 қазан).

Ораз ағамызыдың «Орақты батыр» жинағында ержүрек батыр бабамыздың қарындасының атын Оралбике деп бес рет хаттаған (32,42,55,56 бет).

Неге біз шындығында халқының қорғаны бола білген білекті де жүректі бабамыздың баршамыз секілді кеудесінде жаны бар, бойында қаны бар адамның бір қарындасы бар деп түйіндеуіміз керек. Оралбике, Мақпалл атты екі қарындасының барын неге мойындамасқа?

Сөз орайы келіп тұрған соң айта кетейін, батырдың анасының аты Қамқа, қазіргі Үштөбе қаласы Түркісіб салынбай тұрғанда Қамқа аталғанын көне көз шежіреші қарияларымыз әлі ұмытпаған шығар. Ал, Мақпалға келсек, ол да Көксу ауданының жер атауы.

Енді батыр бабамыздың қарындасы туралы сөз қозғайық. Өлкетанушы Тұрсынхан Әлдибекұлы Райымбек батырдың (1705-1785 жж.) әкесі Түке



Хангелдіұлы (1663-1760 жж.) туралы екі көлемді мақаласында былай деген екен:... «Түкенің сүйген жары Қарашаш сұлу өз заманында Ұлы жүз үйсін елінің жауынгелрлік ұраны болған Жалайыр Орақты батырдың қызы. Осы кезге дейін жалайыр елін Ұлы жүздің «ноқтағасы деп құрметтейді» – дейді («Жетісу» (Ардагер) 2018 жыл 6 тамыз., «Ана тілі» 2012 ж. 14 маусым).

Төке батыр Албан-әлжан ішінде Сырымбеттен тарайды. Қарашаш анамыздан Райымбек пен Толмаш атты екі жалайыр еліне жиен ұл туады. Ал Қарашаштың 15 ғасырда өмір сүрген Орақты батырдың қызы екендігі мүмкін, бірақ Райымбек батырдың анасы 18 ғасырда өмір сүрген. Орақты батырдың ұрпақтарының бірінің қызы екендігі айғақ.

Жоғарыда келтіргенбіз, Қарашаш қасиетті анамыз Қара Қыпшақ Қобыландының қарындасы батыр бабамыздың анасы екендігін жазғанбыз.

Қазақта ұлының, қызының әкешешесімен аттас бола беруі мүмкін екендігін дәлелдеп жату артық болар.

Сөз кезегін енді баһадүр бабамыздың алғашқы махаббаты жөнінде болмақ. Енді сөзді журналист Серік Әбікенұлының жазбаларына көңіл бөлейік.

Бірінші, Батыр Әбілқайыр ханның (1412-1461жж.) Айторыға (сызған Қ.Н.) ғашық болады. Бірақ ағасы қаныпезер оған қарсы болып «Кесірің қырық есекке жүк болатын қор екенсің» деп басын шауып алады. Тағы басқа жағдайда әдемілеп жазған журналист «Орақтытөбе» мақаласында («Парасат» 2007 ж. №7, 21 бет).

Екінші, Әбілқайыр ханға барып Орақтының Ақ қозынын (сызған Қ.Н.) құрсағында кеткен баласын талап етеді – дейді. («Жетісу» 2018 ж. 21 сәуір).

Үшінші, Ақтоқты (сызған Қ.Н.) Әбілхайыр ханның жалғыз қарындасы, ағасы жендеттеріне басын алдыртыпты дейді. (Әбікенұлы С. Құлжа сақа («Айқас» повесть) Алматы Асаба баспасы 96 бет).

Бұл автордың үш зерттеу көркем мақаласында Әбілхайыр ханның үш түрлі аты бар қарындастары: Айторы, Аққозы, Ақтоқты болып хатталған. Тағы бір қызығы Әбылхайыр ханның үш қарындастарының аттары «А» әріпінен басталғандығы. Енді қаламгер iнiмiз бұны бір жүйеге дәлелдеп түсіретініне сенімдіміз.

Ер баба жайлы жоғарыда келтірген автормен өзге кейбір қарымды қаламгерлердің мақалалары мен өлеңжырлары тарихқұмар қауымды неше мәрте қуантып, ой салғанын деректер жинап жазғандығын айтуымыз керек. Солардың ішінде Орақтану жүйесіне көп еңбек сіңіргендер Ораз марқұм ағамыз және жас тұлпар, қаламы жүрдек, ойы зергек жаңа көзқараспен оқырмандарын ойландыратын журналист Серік Әбікенұлы iнiмiз. Екеуі де қаһарман батырдың жанашыр ұрпақтары екендігін ашық айтуымыз керек.

Енді барлық мақалаларда айтылып жүрген хас батырдың ұлы Мырза туралы сөз қозғайыз кей «пысықтар, шежірешілер» бұл қаһарман батырдың ұлын 13 ата Жалайырдың бір бұтағы Мырза руына жатқызып жүр. Бұл қате пікір. Мырза деген есім қазақтың үш жүзінің қазіргі 46 ру-тайпасының барлығында кездесетінін ескертеміз.

Ал Шапырашты Қазбекбек Тауасарұлы өзінің «Түп-тұқияннан өзіме шейін» деген 1776 жылы жазылған кітабында (Алматы «Жалын» 1993 жыл) «... Жан баласы Мекіре-Жалайыр... Жалайырдан – Манақ, одан Орақты, Жазықты, Тарақты үш ұл болған... Орақтыдан 9 бала, Жазықтыдан 3 бала, міне осыдан келіп 12 ата Жалайыр шығады...» дейді. (сонда 67 бет).

Бұл кітапта Жалайыр шежіресіне байланысты бірнеше қателіктер кеткен:

Бірінші, Жалайырдың бабасы Жан (Жандаралы немесе Жансақал) одан Абақ (абақ таңбалы), Тарақ (тарақ таңбалы) әрбиді (сонда 67 бет).

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОРАҚТЫ БАТЫРДЫҢ ТУҒАНЫНА – 600 ЖЫЛ

ОРАҚТЫ БАТЫР

Сонда қалай Манақтан Тарақты туа ма? Бұл қате пікір.

Екінші, барлық баспадан шыққан ғылыми-тарихи тағылымды Жалайыр шежірелерінде 1825,1875,1905,1911,1925 тағы басқа 13 ата Жалайыр екендігі хатталған. Бұған қоса айтарымыз 1957-59 жылдары Қазақ КСР Ғылым Академиясының Экспедициясының жазбаларында (Гвардия, Киров, Талдықорған ауданы ғалым Халел Арғынбаев басқарған және М.С.Мұқанов пен В.В.Востровтың шежірелерінде «Қазақ Совет Энциклопедиясында» және «Қазақ Ұлттық Энциклопедиясында» 13 ата Жалайыр екендігі анық. Бірақ кейбір ру аттары қате жазылғандығы туралы еске салайық. Сонымен, 13 ата Жалайыр:1 Ақбұйым, 2 Андас, 3 Арықтыным, 4 Бәйшегір, 5 Балғалы, 6 Қайшылы, 7 Кәлпе, 8 Қарашапан, 9 Күшік, 10 Мырза, 11 Орақты, 12 Сиыршы, 13 Сұпатай екендігін ұмытпаған жөн болар.

Кейбір «білгіштер» Қайшылыны қоспайды, қосса Бәйшегір мен Арықтынымыды бірге атайды. Сонымен олар 12 ата Жалайыр болып шығарады...

Ал «шежіреші» – журналист Амангелді Оспанов қарақалпақтарды жалайырдың 14-ші атасы деп дәріптеп жүр, бұл шындыққа жанаспайтын өрескел қате пікір екендігін айтпақпыз.

Бұл туралы менің 2015 жылы шыққан көптомдық «ЖАЛАЙЫР ТАРИХЫНАН» атты 288 беттен тұратын үшінші кітабым «Жалайыр қазақтың аға тайпасынан» танысуларыңызға болады.

Үшінші, Мырза Орақты батырдың 9 баласының бірі екендігі даусыз. Бұған бір мысал, Ұлы Жүз Дулаттың ботпайында үлкен Сиыршы руы бар. Осы Дулатта Ескелді руы тағы бары шежіреде хатталған. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Жазушы-фольклорист Ораз Исмайылов

Үшінші. Орақты батырдың есімі жайында

Қазақтың кез келген есімде халықтың тарихы, салт-дәстүрі, материалдық және рухани мәдениеті көрініс табады. Халық арасында адам есімі оны тағдырын аңғартады деген ұғым бар. Қазақ есімдерін зерттеген Асқар Сүлейменов қазақта 70 мыңнан астам есім бар дейді (А. Сүлейменов «Қазақ есімдер» Энциклопедиялық анықтамалық 2-ші басылым Алматы «Атамұра» 2013 ж. 800 бет). Солардың бірі Орақты қаһарман бабамыздың есімі туралы қазақтың ғұлама ғалымы, ұлағатты ұстазы, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ҚСР-ы Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі Ақажан әл-Машани (1906-1997 жж) «Таңбалыларды салыстыру» атты мақаласында Орақ сөзінің мағынасы туралы сөз қозғапты: «... Орақтан бастайық Ор-ра деген ертедегі халықтар түсінігіндегі биік шың, тау басы (сызған Қ.Н.)деген мағынада Ор-ақ аспан шырақ, әлем сәулесі, жұлдыз мағынасында (сызған Қ.Н.) сонда Ай-Орақ сол шырақтардың басқы туы деген сөз болып шығады.

Ай-Орақ Үркерге (Өгізге) кездескенде – тоғысқанда жыл басы Наурыз делік...) дейді ғалым. (Әл – Машани А.Өгіз ханның қолтаңбасы. Көптомдық шығармалар жинағы 15 том Алматы Болашақ баспасы 2011 ж. 47 бет).

Орақ сөзі биік шың мағынасын береді және мұсылманның Ұлыс мейрамы Наурыз басталуы себебі де Орақты бабамыздың атымен байланысты екендігін тағы да дәлелдеп жату артық болар. Бұған тағы қосарымыз Ақжан абыз-ғалым атамыз 13 ата Жалайырға күйеу болып келеді.

14 ғасырда өмір сүрген Жалайырдан шыққан тағы бір Орақты батыр ноянға зер салайық. Хулагу Кіші Азияны жаулап алуға барғанда оның әскерінің қолбасшысы Жалайыр Елхан Джуджи (Жошы) Термалахұлы өз руларын басқарып барған ержүрек батырлардың бірі еді. Сол Елхан қолбасшының өзімен бірге әскер қатарында болған 9 ұлының бірі Орақты ноян. Бұлар Иран, Ирак, Әзірбайжан жерінде 1335/6-1432/3 жылдары 97 жыл билік құрған Жалайыр хандығының (мемлекетінің) негізін қалаушылардың бір ғана бұтағы (Баяни Ш. Ирандағы билік құрған қазақтар оның ішінде Жалайыр ұлысының тарихы. Астана 2011 жыл).

Орақ бабамыздың әлем сөздігінде хатталған Орақты, Орақ, Урак көптеп кездеседі.

Қазақ сөздігі. Қазақ тілінің біртомдық үлкен түсіндірме сөздігі (Алматы Дәуір баспасы 2013 жыл «Орақ» сөзінің 12 түріне түсініктеме бар екен. Көбісі егін шаруашылығына араналған тек Ораққа береке (тілек,Орақ мұрын, (тұмсық), Орақ пышақ үшеуі ғана басқа мағына береді.



Балқаш ауданындағы Орақты төбедегі Орақты батырдың бейітіне қойылған ескерткіш

(Сонда1005 бет).

Орақ балға 74 жыл (1917-1991жж.) кеңестік дәуірдегі жұмысшы және шаруаның символы болғандығын тағы ұмытпайық.

Қазақ елінің Орақты бабамызыдң есімімен аталатын жер-су аттарын жіктемей, тек өзі жатқан жердің аты Балқаш ауданындағы Орақтөбе, Орақ-Балға колхозы, Орақ ауылы Орақ ауылдық округі екендігін айтпақпыз.

Орақты бабамыздың есімі шетел тарихында да кездеседі екен. Осы жолдың авторы Жалайыр тарихына байланысты жүздеген әдебиеттерді парақтап, соның ішінде А.Станишевтің «Афганистан» деген кітабында (Москва Воениздат 1940 жыл) Ауған жеріндегі Орақты руын жазыпты. Ал Рейстер М.Г. «Афганистан экономико-географическое характеристика (Москва Воениздат географической литературы 1946 жыл 33 стр.) Ауғанның Қарани тайпа одағында Ахмедзаи, Орақзаи (сызған Қ.Н.)рулары бар екендігін жазған. Бұлар тау аймағы ГАЗНИЙ Платасы мен Сүлеймен тауында тұрады екен.

Орақты аттас рулар Ноғайлы, Қырым татарлары мен башқұрттарда да бар. Іздесек тағы басқа түркі тайпаларында да табылады. Орақ аттас жер-су аттары барлығын 87 томдық әлемге әйгілі Ұлы Октябрь Социалистік Революциясына дейін шыққан Брокгаузъ Ф.А. Ефрон И.А. Энциклопедиялық словарьінде да кездестірдік.

Уракова гора – Саратовской гуверний ... Ураковский перекать – ... Деревня Ураковой Чебаксарского уезада ...Урак река Приморской области... (Брокгаузъ Ф.А. Ефрон И.А. Энциклопедический словарь том XXXIVa Санкт-Петербург 1902 г. 859 стр).

Мұндай мысалдарды Қазақстанда шығатын энциклопедиялар мен анықтамаларда іздесе кездестіруге болады.

Ұрпағына ұран болған Орақты есіміне байланысты бір тарихи кесенеге ұрпақтары көңіл бөлмей келеді. Бұл Оқшы ата пантионы дейміз бе әлде кесенесі немесе мазары дейміз бе?

Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясында (3 том Алматы 2001 жыл) былай деп жазылған: «... Аңыз бойынша қазіргі Қызылорда облысындағы Шиелі ауданына таяу жерде Оқшы ата (Мерген ата) қорымы Жалайырға кіретін Орақтының арғы Орақ батырдың лақап аты екен. Кейнгі ұрпақтары оны әулие санап, атын тура атамаған көрінеді...» (Сонда 486 бет).

Дерек бойынша мұнда Асан ата,.... Қыш ата, Ғайып ата, 19 ғасырдың тұлғалары - Бала би, Досбол сүйектері жатыр.(Егемен Қазақстан 2018 жыл 28 ақпан). Енді Жалайыр тарихының тамыршысы Ораз Исмайылов ағамыздың бір жазбаларына көңіл бөлейік:

1977 ж. фольклоршы Қаратай Биғожин Қазақ ССР Ғылым Академиясының Ш.Ш.Уалиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының Қазақ ССР тарихы бөлімінің меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, марқұм Бекежан Сүлейменовтың қолындағы Сегізсері Баһрамұлы Шақшақовтың (1818-1854) жазып қалдырған жазбаларынан мынадай мәліметтерді алып келді: Жетісу жері тұрғылықты халқының қол бастаған баһадүрі, асқан мерген, ақиық ардагері Орақтың лақап аты – Оқшы. Бұл есім оған атқан оғы зая кетпейтін көздегіштігі мен атқыштығы үшін берілсе керек» – дейді белгілі жазушы (О. Исмайлов Айдынды Орақ ойлы Орақ. Октябрь туы 1989 жылы 21 қаңтар). Ал түркітанушы ғалым Әуелбек Қоңыартбаев Оқшы бабамызды XI ғасырда өмір сүрген, 1043 жылы қайтыс болған деген пікір білдіреді (Қазақ елі 1997 жыл 5 қыркүйек). Бұдан басқа да кереғар пікірлер бар. Сондықтан биыл ұлы бабамыздың туғанына 600 жыл толғанына байланысты Оқшы ата мазарына мәрмәрден «Оқшы ата – Жалайыр Орақты» деп сызықшамен жазылған тақша қойылса, ас беріліп, абаттандырылса қаһарман батыр бабамыздың әруғаы риза болар еді...

Орақты батыр туралы дала ауызша тарихнамасында (ДАТ) аңыз-әңгімеле өте көп, аңыздың түбі – ақиқат деген ұлы қазақ үшін халықтың аңыздарынан артық ақиқат жоқ екендігін ұмытпайық, ағайын!

Газеттің көлеміне байланысты мақаламды қысқартуға жөн келіп тұр. кейінірек бұл тақырыпқа қайта ораламыз.

Ел аман, жұрт тыныш болса бабаның әруғы қолдап ұрпақтарға өсіп-өніп, еш уақытта ұмытпайтындығы ақиқат.

Қазақтың әрбір баһадүр батыры халқына, Отанына ортақ оларды бірігіп бөле-жармай бағалайық, ұмытпайық, ұлықтайық, ру-тайпаға бөлінбей, ағайын! Батырдың әруағын сыйлаған елдің рухыазбайды, дәстүрлері де тозбайды деген халық сөзі осындайдан қалған болар шамасы, ағайын!

Замандар өтер, ұрпақтар алмасар, бірақ қазақтың аға тайпасы, Ұлы жүздің «ноқтағысы» 13 ата тарақ таңбалы Жалайырдың «ноқтағсы» атанған қасиетті Орақты батырдың есімі мәңгі қазақ халқының бірге өмір сүре бермек.

Құлтай НҰРҚАЛБАЙҰЛЫ,
тарихшы-өлкетанушы.
Талдықорған қаласы.

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

РЕКОМЕНДАЦИИ

Эпидемия коронавирусной инфекции COVID-19 внесла глобальные изменения в профессиональную и личную жизнь людей всего мира. Пока не изобрели вакцину от пандемии, эффективной профилактикой, считается гигиена и самоизоляция. Потому, и был введён домашний карантин. К этому многие оказались не готовы... Ведь, казахстанцы остались без досуга: привычные фитнес-центры, образовательные курсы, спортивные секции и кружки, сейчас не работают. Но это не значит, что время нельзя провести интересно и эффективно. В связи с чем, мы собрали полезные рекомендации для тех, кто не знает, чем заняться дома. Берегите себя, и проводите времяпрепровождение с пользой!

КАРАНТИН И САМОИЗОЛЯЦИЯ: время с пользой

Откройте для себя что-то новое

Давно хотели научиться играть на гитаре, освоить азы графического дизайна или, может, выучить шведский язык? Когда, как не сейчас! Сложность в изучении чего-то нового не в процессе, а в первом решительном шаге, и сейчас у вас самый подходящий момент для того, чтобы его сделать.

Пересмотрите свои привычки

Сейчас, когда у вас столько времени побыть наедине с собой, самое время критически взглянуть на себя, пересмотреть свой образ жизни, привычки, в том числе и вредные, а в перспективе — цели и приоритеты. Критически — не значит с упреком, а осознанно, чутко и с максимальным вниманием.

Начните с пересмотра режима питания, распорядка дня, распределения времени и энергии. Возможно, на влияние некоторых негативных моментов в суматохе дней вы просто не обращаете внимания.

Станьте шеф-поваром

Время дружеских ужинов в ресторанах, посиделок в кофейнях и ленивых бранчей по выходным отложено на неопределённый срок. Многие рестораны работают в режиме доставки, да и «пиццу на дом» никто не отменял. Но куда интереснее самому освоить кулинарное мастерство и порадовать себя или семью идеальными панкейками или сырниками на завтрак.

А может, обозначать каждый день кухней разных народов мира. Карантин — прекрасная возможность для гастрономических экспериментов. Все продукты можно заказать на дом, а в интернете полно оригинальных рецептов на любой вкус и любой сложности.

Уделите время близким

В обычной жизни у нас, увы, часто не хватает времени на общение с близкими и дорогими людьми. Мы вечно куда-то бежим, опаздываем и откладываем все на потом, ограничиваясь дежурными сообщениями в мессенджерах и социальных сетях. Время это исправить. Тем более, что в режиме самоизоляции очень важно сохранять чувство связи с внешним миром, иначе депрессия, чувство одиночества и покинутости станут верными спутниками.

Если вы живете с семьей, старайтесь чаще делать что-то вместе: от совместных завтраков до настольных игр. Если вы живете одни, то современные технологии придут вам на помощь: видеозвонки друзьям и родственникам — прекрасная альтернатива личным встречам, особенно если на эти личные встречи у вас чаще всего не хватает времени.

Организуйте рабочее место

Психологи утверждают, что для эффективной работы из дома, необходимо уделить особенное внимание и функциональной, и эстетической составляющим рабочего места. В условиях нынешней повсеместной «удаленной» работы этот момент актуален как никогда. Не работайте в кровати или в любой привычной зоне отдыха — границы рабочего и личного пространства должны быть строгими.

Это в первую очередь необходимо и для сохранения продуктивности, и для общего психологического комфорта: мозг должен четко понимать, когда ему необходимо работать, а когда отдыхать, и соответствующая обстановка — прямой сигнал для запуска определенного механизма деятельности.

Обустройте отдельную рабочую зону. Это может быть хоть широкий подоконник или балкон, главное, чтобы вам было удобно, комфортно и не вредило здоровью.

Посмотрите киноновинки

Держим пари, у вас есть список сериалов и фильмов с пометочкой «mustsee». Только наверняка пункты в него добавляются чаще, чем вычеркиваются. Пришло время восполнить и этот пробел.

Большинство онлайн-киносервисов на время карантина сделали бесплатный доступ, или же за очень символические деньги. Так что фонд мирового киноискусства сейчас в вашем полном распоряжении. Также можно составить тематические просмотры: фильмы-лауреаты за всю историю «Оскара», ретроспективу фильмов любимого режиссера или актера.

Займитесь творчеством

Это прекрасный способ раскрыть свой внутренний потенциал, «прочистить голову» и получить новый, интересный

опыт. Поле для экспериментов тут непаханое — что первое приходит в голову, тем и занимайтесь: от скрапбукинга до видеомонтажа. Эффект будет только положительный!

Наведите порядок

Бытие определяет сознание. Поэтому если хотите порядка в голове, сначала наведите его во всем, что вас окружает. Захламленность внешнего незаметно, но неумолимо проникает во внутреннее: ослабляется внимание, концентрация и память, увеличивается градус раздражительности и рассеянности. Большие ресурсы тратятся на устранение всяческих «помех» — в итоге мы меньше успеваем, больше устаем, и, что самое обидное — впустую.

Наведите порядок в квартире: разберите вещи, выбросьте все ненужное, проведите генеральную уборку, разберите почту и файлы в вашем компьютере и смартфоне — вы сами увидите, насколько легче, свободнее и спокойнее вам станет дышать и думать.

Сделайте перестановку

Универсальный вариант преобразить пространство, не потратив ни копейки. Вынужденное нахождение в течение длительного времени в одном помещении не может не действовать на нервы, и смена привычной картинки отлично поможет психологически «разгрузиться».

Больше читайте

Наверняка, у вас скопилось достаточно книг, которые хотелось бы прочитать. В этот же список можно внести и произведения, которые вы давно читали и сейчас могли бы оценить их по-новому.

Наведите порядок в финансовых делах

Дело непростое, серьезное и основательное. Видимо поэтому так часто откладывается в папочку «на потом». Тщательно проанализируйте все свои доходы и расходы. Наверняка, в режиме самоизоляции второй пункт заметно сократился, и это очевидный плюс.

Посчитайте, какие «повседневные ритуалы» незаметно съедает значительную часть ваших финансовых ресурсов: кофе с собой, заказ еды в офис, необдуманные покупки, частые походы в кафе и рестораны и т.д. Подумайте, от чего бы вы могли отказаться и что сократить в пользу чего-то более оправданного.

Организуйте культурную онлайн-программу

Многие мировые музеи проводят экскурсии в онлайн-режиме. Также большинство спектаклей и концертов доступны в режиме реального времени. Отличный шанс прогуляться по Эрмитажу, посмотреть «Бесприданницу» или побывать на концерте любимой группы без толп, уютно устроившись на своем диване.

Больше двигайтесь

Движение — это жизнь. Закрытые спортзалы, бассейны и фитнесс-клубы — не причина отказываться от занятий спортом. В YouTube множество видеороликов о том, как поддерживать себя в хорошей физической форме, не выходя из дома и при минимуме спортивного инвентаря.

Зарядка с утра, несколько пятнадцатиминутных перерывов на физическую активность в течение дня — и вы в тонусе. Кроме того, можно попробовать себя в новых направлениях: возможно вы давно хотели заняться танцами или практиковать йогу. Начинайте!

А.ГАТУНОК.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

МЕЙІРІМ ТӨККЕН «МЕЙІРІМДІ ЖЕТІСУ»

ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДА КҮНДЕЛІКТІ ЖҰМЫС УАҚЫТЫ ҚЫСҚАРТЫЛЫП, БАЗАРЛАР МЕН САУДА ОРТАЛЫҚТАРЫ ЕСІГІН ТАРС ЖАПТЫ. БҰРЫН-СОҢДЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДЫҢ НЕ ЕКЕНІН, ҚАЛАЙ БОЛАТЫНЫН БІЛМЕГЕНДІКТЕН, БІРАЗ АДАМ АБДЫРАП ТА ҚАЛДЫ. КӨШЕ ТОЛЫ ӘБІГЕРГЕ ТҮСКЕН ХАЛЫҚ. БАСТЫ ОЙЛАРЫ – БАС ҚАЛАДАҒЫДАЙ КАРАНТИН РЕЖИМІ ЕНГІЗІЛЕР БОЛСА, АЗЫҚ-ТҮЛІКТЕН ТАРШЫЛЫҚ КӨРІП ҚАЛМАУ. ҚАЛА ОРТАЛЫҒЫНА ШЫҒА ҚАЛСАҢЫЗ ІШЕР АСЫН АРТЫНЫП-ТАРТЫНҒАН, ӘБІГЕРГЕ ТҮСКЕН ЖҰРТ КӨЗГЕ БІРДЕН БАЙҚАЛАДЫ.

Кешқұрым жұмыстан шығып, орталықтағы автобус аялдамасына қарай бет түзедім. Аялдамаға жақындағанымда қайыр тілеп отырған қарияны көзім шалды. Қоғамдық көлікті күтіп біраз тұрдым. Неге екенін әлгі қарияға қарайлай бердім. Төтенше жағдай кезіндегі шектеуде «жасы 65-тен асқандардың көшеге шығуына тыйым салынады» деген тұсы бар еді ғой. Сол есіме түсіп, әлгі кісіге жақындап барып: «*Ата, жасыңыз қаншада?*» – деп сұрадым. 82-ге келіпті. «*65-тен асқандарға сыртқа шығуға болмайды деп жатыр ғой, мұнда отырғаныңызды көрсе айыппұл төлетуі мүмкін*» деген сөзіме ләм-мим деп тіл қатпады.

Сәлден соң қайта: «*Қаламызда азық-түлікті үйіңізге дейін тегін жеткізіп беретін ерікті жастар бар. Керек десеңіз солардың байланыс нөмірін берейін. Қоңырау шалсаңыз болғаны, қажетті дүниеңізді үйіңізге әкеліп береді*», – дедім.

Бір уақытта: «*Қызым-ау, мен хабарласпақ түгілі, сол телефон дегеніңнің не екенін білмеймін*», – деді.

Жұпыны киінген ақсақалдың аты-жөнін сұрадым. Бетіндегі бетпердені де талай уақыт қолданып жүргенге ұқсайды, жыртылған жерін байлап, жамап-жасқап қойыпты.

Ел аумағында төтенше жағдай жарияланып, облысымызда шектеу шаралары әлі енгізілмей тұрған уақытта Алматы облыстық Жастарға қызмет көрсету орталығының басшыларынан бастап, жастардан құралған еріктілеріне дейін мұқтаж жандарға көмек көрсетуді бастап кеткен еді. Шарасыз сәбидей болған қартқа қарап аталмыш орталыққа қызмет атқаратын құрбыма хабарласуды ұйғардым. Қарттың жағдайына қаныққан ол көмек көрсетуге бірден келісті. Жәрдемдесуге үйде етіп, кешкісін үйіне керекті заттарын жеткізіп беретінін де айтты. Көңілім орныққандай болып, атама түсіндірдім де, өз жөніме кете бердім. Алайда, арада бірнеше сағат өткеннен соң, манағы досыма қайтадан қоңырау шалдым.

«*Ренжімеші, бүгін бара алмадық*» деген оның сөзін естіп, көңілім бірден түсіп кетті. Себебін сұрап едім, мұндай көмекке мұқтаж жандар жалғыз бұл кісі емес екенін айтты. Естуімше, орталықта ашылған «Мейірімді Жетісу» фронт кеңсесіне күніне неше жүз адам қоңырау шалады, әркімнің айтар базынасы әртүрлі. Бір жағынан аталған қайырымдылық жобасы демеушілер есебінен жүзеге асырылатындықтан, дәл қазіргі уақытта қаржылай көмек көрсететін адам іздестіруде екен. Бірақ мен айтқан ақсақалға бір ретін тауып, міндетті түрде көмек беретіндіктерін жеткізді.

Құрбымның сөзіне көңілім қайта көтеріліп қалғанымен, іштей алаңдаулы күйде жүрдім. «*Мен көрген қарт көмекке мұқтаж жандардың біреуі ғана. Ал, көрмеген, жәрдемге зәру болып отырған отбасылар қаншама*?!» деген

ой санамнан шықпады. Көңіл түкпіріндегі ойлардың жетегімен уақыттың тым кеш болғанына қарамастан әлеуметтік желідегі парақшама көзіммен көрген қарияның жағдайын, бұл кісімен тағдырлас қаншама жанға көмек көрсетілуі тиіс екенін жазып, желідегі достарымнан көмек сұраған жазбамды қалдырдым.

Түн. Сағат бірлер шамасы. Жазбаны желіге жүктегеннен соң 5 минут өтер-өтпестен есеп-шотқа 1000 теңге түсті. Ақша Шұғыла есімді әлеуметтік желідегі досымнан келген. Қуанып кеттім. Артынша тағы бірінен 1000 теңге келіп түсті. Оларға рахметімді айтып, жан жадыратар тілектерімді жаудырып қойдым.

Ертеңгілік бірден ұялы телефонымды алып, түндегі жазбамды тексердім. Тағы бірнеше досым қаржылай көмек жіберген екен, есеп-шотымдағы қаражат жеті мың теңгеге жетіпті. Қуанғаным соншалық, жұмысқа бара салысымен барлық жайды әріптестеріме жеткіздім. Олар да бірден қолдай кетті. Танитыны бар, танымайтыны бар желідегі жолдастарым бірінен соң бірі жарыса көмекке кірісіп, қол ұшын созды. Тұп-тура 24 сағаттың ішінде 39 мың теңге қаржы жиналды.

Осылай облыстық Жастарға қызмет көрсету орталығына қарай бет алдым. Ондағылар бұл қаражат бір отбасына ғана емес, 4-5 отбасына көмек көрсетуге жеткілікті екенін айтып, қуантып тастады. Артынша орталықтың белсенді жастарымен бірге қайырымдылық шарасына білек сыбана кірісіп кеттік.

Аталған орталықта «Мейірімді Жетісу» фронт-кеңсесі елде төтенше жағдай енгізілген кезде қызу жұмыс бастаған болатын. Содан бастап бұл офисте 404-404 қауырт желісі іске қосылып, тәулік бойы тұрғындардың қоңырауларына жауап қайтарып отырады. Жедел желі тұтқасында денсаулық сақтау саласының, білім беру басқармасының мамандары, сондай-ақ, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бойынша мамандар мен еріктілер қызметін ұйымдастырушы жастар үнемі байланыста. Тәулік бойына осы жерден табылып, халықтан келген сауалдарға жауап беретін мамандар мен ерікті жастардың қасында бір күн мен де жұмыс атқардым. Бұл жерге тәулігіне 500-ден астам адам қоңырау шалып, әлеуметтік желіге 300-ден астам хат түседі екен. Айта кету керек, бүгінгі күнге дейін облыс көлемінде (17 аудан,3 қала) 569 қайырымдылық акциясы өткізілсе, барлығы 5 мыңға жуық отбасына әлеуметтік көмек көрсетіліп, азық-түлікпен қамтамасыз етіліпті. Оның ішінде аз қамтылған, көпбалалы, жағдайы төмен отбасылар мен жалғызбасты аналар да бар. Мұнымен қоса, осы уақыт аралығында облыс еріктілерінің атсалысуымен 9500 бетперде тігіліп, халыққа таратылған.

Қауырт желіге толассыз қоңыраулар түсіп жатты. Телефон қоңырауын қабылдап, қажетті деректе қаныққан мамандар, мәліметтерді тіркейді. Одан кейінгі кезек ерікті жастардың еншісінде. Олар әр отбасына қажет деген азық-түлік және де басқа заттарды жеткізіп береді. Қалтамыздағы қаражатқа қарай 5-6 отбасының мекен-жайын тізімдеп, жолға шықтық. Алдымен керекті азық-түлік алынған соң, үй-үйді аралауға көштік. Жалдамалы пәтердің аядай бір бөлмесінде 4-5 баласымен өмір сүрген жалғызбасты аналар, қасында демеу болар ешкімі жоқ, небір қиыншылықты жалғыз өзі еңсеретін егде тартқан қариялар, осы бір қиын-қыстау кезеңде күнделікті табысынан айырылып, үйінде жұмыссыз отырған жандардың бар екенін де көз көрді. Бір қызығы, «Мейірімді Жетісуға» хабарласып, көмек берулерін өтінген жағдайы жақсы жандар да бар болып шықты. Бет түзеген жерімізге келіп, даңғарадай зәулім үйге қарап, мұндағы жандардың ауқаты жақсы екенін аңғардық. Сонда да үй иесімен тілдесуді жөн көрдік. Айтуларынша, көршісіне көмек қолын созған соң, «Мейірімді Жетісуға» хабарласыпты. Алайда, біз көмек беруден бас тартатынымызды айтып, келесі үйге барғанымызда тура осы картина қайталанды.

Осы орайда қайырымдылық жұмыстың бастау алуына, өзге де он шақты отбасының көмек алуына себепкер болған қарияны да назардан тыс қалдырмадық. Қайырымды ісімізді сол кісіге көмек қолын созумен бастауды жөн көргенбіз. Біз барғанда есікті жасы 50-ді еңсеріп қалған әйел ашты. Сөйтсек, ақсақалдың қызы екен. Мән-жайдан хабардар болған тәтеміз: «*Әкем үлкен кісі болғандықтан, кейде жас бала сияқты. Бірақ оған қарайласатын біз, балалары бармыз. Одан да бізден де күн-көрісі төмен, көмекке мұқтаж жандарға жәрдемдескендерің жөн ғой*» деп, алғысын жаудырып, шығарып салды.

«Қанағат қарын тойғызады, қанағатсыз кедейдің жалғыз атын сойғызады» дейді қазақта. Қанағатшыл адам екі дүниенің игілігіне кенелмек. Өкінішке орай, бүгінде осы тамаша қасиетті бойына сіңірген адам аз. «Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рақым, ойлап қой – Бес асыл іс, көнсеңіз» деп хакім Абайдың өзі адам бойынан табылуға тиіс асыл қасиеттерді тізбектеп берді. Ғұлама айтқан өнеге қашанда өзекті. Ал, қанағатшылдық – Жаратқанның бізге берген ең үлкен сыйы екенін естен шығармайық.

Лина АЙДЫНҚЫЗЫ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МАМАН МІНБЕРІ

СОТ АКТІЛЕРІН ОРЫНДАУ

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты) басшысының 2016 жылғы «5» наурызындағы № 6001-16-7-6/ 89 өкімімен бекітілген аудандық және оған теңестірілген сотта іс қағаздарын жүргізу Ережесіне сай сот актілері, апелляциялық шағым беру және наразылық келтіру мерзімі аяқталған соң, егер шағым берілмесе немесе наразылық келтірілмесе, орындауға беруге жатады.

Сот актілерінің орындауға берілуін бақылауды аудандық соттың төрағасы және төрағалық етумен істерді қараған судьялар, сондай-ақ кеңсе меңгерушісі жүзеге асырады. Сот актісінің орындалғаны туралы хабарлама істерге, материалдарға қоса тіркеледі. Сот актісінің орындалуы туралы хабарлама түспеген кезде тоқсанына кемінде бір рет еске түсіру жіберіледі. Үкімді, қаулыны, шешімді немесе ұйғарымды орындауға беруге байланысты әрекеттер туралы міндетті тәртіппен істің анықтамалық парағында белгі жасалады.

Қылмыстық істер бойынша сот үкімдері, егер оларға шағым берілмесе немесе наразылық келтірілмесе, апелляциялық шағым беру немесе наразылық келтіру мерзімі өткен соң заңды күшіне енеді және орындауға беріледі. Сотталғанның мүлкін тәркілеу және айыппұлды мемлекет табысына өндіру туралы үкімдер бойынша атқару құжаты, сот актісінің көшірмесі, не соттың мөрімен куәландырылған одан үзінді көшірме, және мүлік тізімдемесінің көшірмесі орындау үшін тәркілеуге жататын мүліктің орналасқан жеріндегі атқарушылық іс жүргізу органына жіберіледі. Істе мүліктің тізімдемесі болмаған кезде атқару құжаты мүлік тізімдемесі жасалмағаны туралы анықтамаларды қоса тіркей отырып, сотталғанның соңғы тұрған жеріне жіберіледі. Егер істе мүліктің жоқтығы туралы акт болса, онда атқару құжатына куәландырған анықтама қоса беріледі.

Азаматтық істер бойынша сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін атқару парағы жазылады, ол өндіріп алушыға беріледі не оның жазбаша арызы бойынша сот орындау үшін тиісті әділет органына не жеке сот орындаушысына орындау үшін жібереді. Бұл ретте атқару парағына аудандық соттың мөрімен куәландырылған сот актісінің көшірмесі (үзіндісі) қоса тіркеледі.

Атқару құжаты судьяның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылатын электрондық атқару құжаты нысанында жазылып берілуі мүмкін. Атқару құжаты электрондық атқару құжаты нысанында жазып берілген жағдайда, сот актісінің көшірмесі не оның үзінді көшірмесі судьяның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында қоса беріледі.

Айгүл ҚАСЕНОВА,
Алматы облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Тәуелсіздігімізді алған кезден бастап, заң үстемдігін қамтамасыз ету бағытында көптеген игі жұмыс атқарылды. Қазіргі заман талабына сай сот жүйесінде болып жатқан елеулі өзгерістер ауыз толтырып айтуға тұрарлық.

Тәуелсіз мемлекетіміздегі биліктің бір тармағы сот төрелігі де озық технологиялардан шет қалмай, заман ағымына сай, іс жүргізудің жаңа жүйесін тез игерді. Қазіргі таңда сот жүйесінде заманауи ақпараттық технологиялардың қолданысқа енгізілуі төрешілдікті жоюға, сот жүйесі қызметкерлердің арасында сыбайлас жемқорлықтың орын алу ықтималдығын төмендетуге септігін тигізіп, сот жұмысын едәуір жақсартуда. Сот процестерін бейне және таспаға жазудың тиімділігі мен маңыздылығы сот төрелігін іске асыру барысында ешқандай бұрмалаушылықсыз, бейтараптылықпен жүргізілуін қамтамасыз етеді. Бұл сот ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етіп, халықтың сот төрелігіне деген сенімін нығайта түсері анық. Аталған анағшылдық қағаз бастылықтың қысқаруына септігін тигізіп, бюджет қаражатын айтарлықтай үнемдеуге мүмкіндік тудырды. Сонымен қатар, бұл бастама еліміздің тұрғындары үшін сот жүйесінің ашық әрі қолжетімді болуына барынша жағдай жасады. Сот жүйесін оңтайландыру әлемдік өркениетке қадам басу жолындағы қажеттіліктен туындады. Ең бастысы – соттағы істердің қаралу жағынан уақытты үнемдейді, содан кейін сот сатыларының ықшамдалуы судьялардың жұмысын едәуір жеңілдетеді, әрі обьективтілігін арттырады.

Сот әділдігінің ашықтығын жүзеге асыру және сот жұмысын ұйымдастыруды жетілдіру мақсатында облысымыздың барлық сотында «Сот кабинеті» және сот құжаттарымен танысу электронды сервистері іске қосылған. Сот кабинеті – электрондық ақпараттық сервис, ол сот органдарының онлайн сервисіне қолжетімді бірыңғай терезе болып саналады. Сот ісін жүргізуді жеңілдету және азаматтар үшін сот жүйесінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында іске асырылған жүйе бүгінде сіңісіп, сала қызметін оңайлатуда. Осы жүйенің арқасында кез келген азамат, немесе оның адвокат тұлғасындағы өкілі немесе заңгер кез келген ыңғайлы уақытта, үйінен немесе кеңседен шықпай-ақ Интернет желісі арқылы сот құжатын, сондай-ақ істегі мәртебесін қарай алады. Аталған қызметтерді электронды сандық қолтаңбасы бар азаматтар ала алады. «Сот кабинеті» электрондық ақпараттық сервисі арқылы сотқа электронды құжаттар беру тәртібін, сонымен қатар, Қазақстан Республикасы сот органдарынның ақпараттық жүйесіне оларды қабылдау, тіркеу және өңдеу тәртібін реттейді.

Жұмаш АҚБЕРГЕНОВ,
Алакөл аудандық сотының судьясы.

Деректерге сүйенсек, әлемде 6 мыңнан аса тіл қолданылса, соның ішінде тек 600-ге жуығы ғана көпшілікке қажет тіл екен. Ал, қалғандарының өлі тілге қосылу қаупі жоғары көрінеді. Себебі ағылшын, қытай, орыс тілдерінің ықпалында қалған елдер өз тілдерінде түсінісуді сиретіп, өзгенің шылауында кетіп бара жатқаны құпия емес.

ЕЛ МЕРЕЙІ

Мұндай қатердің алдын алу үшін ұлттың өз құндылығына деген жанашырлығы, қамқорлығы керек. Қазақтың тілі де қолдауға мұқтаж. Жеріміз кең байтақ болғанымен саны аз халық болғандықтан бізге де барымыздан ажырап қалмаудың қамын жасау керек.

Мемлекеттік тілдің мерейін өсіру мәселесі біздің елімізде ешқашан назардан тыс қалған емес. Елбасымыз Н.Назарбаев та өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуге пәрмен берген болса, өткен жылдың аяғында алғашқы Жолдауын жасаған Президентіміз Қ.Тоқаев та мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру туралы атап өтті.

Осы тұрғыда еліміздің Жоғарғы Сотында ауқымды шаралар атқарылып жатқаны ақиқат. Мәселен, қазір кез келген сот ғимаратына кірсеңіз азаматтарға қажетті ақпараттардың барлығы мемлекеттік тілде жазылғаны бірден көзге шалынады. Сот отырысына келгендерді қарсы алатын мамандардың бәрі де қазақша еркін сөйлейді. Сот мамандарының, судьялардың қос тілді қатар меңгеруін талап ету қарапайым азаматтарға сапалы қызмет көрсетсек деген ниеттен туындап отырғаны мәлім. Нұрсұлтан қаласында өткен «Сот жүйесіндегі мемлекеттік тілді жетілдіру» тақырыбындағы алқалы жиында Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асанов «Республика халқының 70 пайызы қазақ тілді азаматтар. Бұл көрсеткіш қарқынды өсіп келеді.Демек, мемлекеттік тілге қатысты талап жыл сайын емес, күн сайын қатая бермек. Тек процестік құжаттарды мемлекеттік тілде жүргізу жеткіліксіз. Енді сот процестерін біртіндеп,қазақ тіліне көшіруіміз қажет. Ол үшін не керек? Екі нәрсе: біріншіден, сөйлей білуіміз, екіншіден, жаза білуіміз керек», деген пікір білдірген болатын.

Бұл тұста, төраға судьялардың өз шешімдерін шұбалаңқы сөйлемдермен емес, көпшілікке түсінікті, ұғыныңқты етіп жеткізуі қажеттігін меңзеп, қарапайымдылық қағидасын сақтаудың маңыздылығын алға тартып отыр. Тілді неғұрлым күрделендіріп, үстемелеген сайын құны кетеді. Қазақтың сөздік қорының мол, тілінің шұрайлы, көркем екені даусыз. Тек соны өз мәнінде орынды қолдана білсек нұр үстіне нұр.Егер қос тарап дауына қатысты нақты және толық жауап алса, ал судья соны өз шешімінде түсінікті әрі қарапайым тілмен жеткізсе, азаматтар қабылданған шешімнің байыбына барып, тұжырымын тиянақты ұғынатын болса жоғарыға қарай шағымданулары да азаяры ғажап емес.

Алмагүл ТҮМЕНБАЕВА,
Алматы облысы МАЭС-ның судьясы

ЭКОЛОГИЯ

«ЖОҢҒАР АЛАТАУ» МҰТП ӨЗ КЕЗЕҢІНДЕ ПАРК АУМАҒЫНДА КЕЗДЕСЕТІН ҚҰСТАРДЫҢ 21 ТҮРІНЕ БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗУДЕ, ОНЫҢ ІШІНДЕ 11 ТҮРІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛ КІТАБЫНА ЕНГІЗІЛГЕН.



ТАБИҒАТТЫ АЯЛАЙЫҚ

Табиғи парк арнасында жалпы табиғатты қорғау, табиғатты тиімді пайдалану бағытында көптеген іс шара ұйымдастырылуда. Атап өтетін шараның бірі –мектеп орманшылығы. Жасөспірімдерге орманға күтім жасау, егу зиянкестердің ошағын анықтау және ауруларын байқау, сонымен қатар аңдармен құстарды тану, қорғау, жем беру, ұя салу, оны орналастыру, құстардың шағылысу, ұя салу кездерін бақылап, дұрыс ақпарат жинау болып табылады.

Негізгі мақсат қалыптасқан экожүйемізді келешек ұрпаққа мұра ретінде қалдыру. Аң -құстарымыз барда табиғатымыз одан әрі көркейе түсері анық.

Д. БАТКЕНОВ,
«Жоңғар Алатау » МҰТП Лепсі филиалы Чернов ИБ мемлекеттік инспекторы.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОЙТОЛҒАМ

Алдаудан алыс жүрейік

ШЫНДЫҚТЫҢ – АҚИҚАТЫНА ЖЕТУ ҚАЙ ЗАМАНДА ДА ҚИЫННЫҢ – ҚИЫНЫ. ҚАМШЫНЫҢ САБЫНДАЙ ҚЫСҚА ӨМІРІҢІЗДЕ, СІЗ МЕЙІЛІ ПАТША БОЛЫҢЫЗ, МЕЙІЛІ, ҚАРАПАЙЫМ ШАРУА БОЛЫҢЫЗ НЕ НӘРСЕНІҢ ДЕ ШЫНДЫҒЫНА ЖЕТУ ҚАЛАУЫҢЫЗ БОЙЫНША БОЛА ҚОЙМАЙДЫ. АДАМ БОЛЫП ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕНІҢІЗБЕН АЗАН ШАҚЫРЫП ҚОЙҒАН ЕСІМ-НЫПСЫҢЫЗ ҒАНА «ШЫНДЫҚ». ЕКІНШІСІ ДЕ ТАҒДЫРЫҢЫЗДА ӨЗГЕРІП КЕТУІ ӘБДЕН МҮМКІН. ТЕК АЗАН ШАҚЫРЫЛЫП ҚОЙЫЛҒАНЫ ШЫНДЫҚ.

Ендеше, алдау-шылық қандай құдіретті күш?

Әлем тарихында патшалардың өзі еліндегі көп жағдайды білмей, сезбей қала-тыны белгілі. Оған жанындағы бас уә-зірінен бастап сонау түкпірдегі ауыл әкімдерінің амандығы мен бас пайдасы үшін болмағанды – болды деп, болған істі – оңды деп жеткізетіндігі себеп болса керек. Мұндайда Отбасы мүшелері мен ықпалды топты ұрымтал тұстан пайдаланатын сыртқы күштер де жоқ емес. Бұл қай заманнан бері әлемде болып келе жатқан шындық. Кім болсаң да басыңа іс түскенде немесе шамаң қалмаған кезде бар шындықты түсінесің.

А л л а н ы ң құдіретті күші осында. Шариғатымызда мұны «қыл көпірдегі сұрақ»- деген ұғыммен түсіндіреді. Алланың жолында жаратушы иеміздің болмыс, бойымызға берген адам деген атымызға сай көркем мінезімізбен, ар-намысымыз, салт-дәстүрімізге сай өмір сүргенде мүмкін мына қоғам мүлдем басқаша болар ма еді?!

Мүмкіндікті адамға Алла берсе де, әр заманның қатал қағида – талаптары бере қоймады. Соңғы ғасырларда қазақтың басынан отаршылдықтың нәубат қасіреті кетпеді. Құдайды ұмыттырып құлдыққа салды. Алла жоқ деп ұрандап алдамшылдыққа үйретіп мәжүбірледі. Алашым деп бас көтергендерді ит-жеккенге айдады, басын алды, басымдық көрсетті, қазақты бір-біріне қарсы қойып алдамшылдыққа айдап салды. Алладан безген ел-жұрт шындықты айтудан гөрі алдамшы сезімнің жетегінде кетті. «Арым жанымның садақасы» – деп бекінген жандар өздерін құрбан етіп, Алла деп атойлап атқа қонып, азаттыққа жетуді армандады. Үміттерін ұрпаққа “аманат”етті. Аманаттары қабыл болып, ата бабаларымыздың арманы орындалды. Алла жоқ деп ұрандатып «коммунизм» құрамыз деп шындықты жасыра лепірген Кеңес одағының өзі келмеске кетті.

Мақтау-мадақтау, марапаттау қаншама көп болса, шындықты алдаушылық құрбан ете беретінін өмір өзі көрсетті. Осы алдаушылық деген пәле отбасымызда күнделікті күйбең тірліктен бастау алып, болашақ ұрпаққа кесірі тиеме деген алаң бар іште. Сондықтан өткеннен тағылым алып, адам деген атымызға сай өмір сүру бүгінгі өркениетті заманның талабы екенін мойындауымыз керек-ақ!

Енді қазаққа кері кетудің жөні жоқ. Кесіріміз елге, ел ертеңі жастарға тимесін – деп тілейік!

Бірнеше күн алдын саясаттанушы Ерлан Саиров: «Өңір әкімдерінің көбісі өзін Құдай сезінеді» – мақаласында: «Облыс әкімдерінің көпшілігі бүгіндері жүргізіліп жатқан реформаны аяқтан шалушы басты тежеуші күш. Бәрінен масқарасы, әкім «бизнесмендер». Шешім қабылдауда валютаризмге жол берсе, ал жекелеген адамдардың тағдырына қатысты мәселені шешуде формальдыққа ерік береді. Әкім мен оның бизнесі ел азаматтарының барлық деңгейдегі билікке деген сенімін «девальвацияға» ұшырататын басты нәрсе. Биліктің беделіне орны толмас зиян келтіруде олар. Облыс әкімі, негізінен еліміздің біртұтастығы мен бірлігінің нышаны болуы керек. Олардың ел алдында беделі мінсіз болуы керекті, сондықтан әкімдердің іс-әрекеттері орталық органдар тарапынан да, қоғам тарапынан да ұдайы бақылауда болуы тиіс», – деп жазды ол.

Жоғарыда айтылған пікірде шындықтың жоқ деп ешкімде айта алмасы анық. Біздің бүгінгі қоғамда өзін-өзі алдайтындар аз емес. «Бәрі де жақсы болады» – деген асыл сөз бар. Бұл негізінен ертеңгі өмірінде шындықтың, жақсылықтың болатынына сенім арттатын жандардың мотивациясы.

Қолымда билік, қалтамда ақша бар деп қара басының қамы үшін қасарыса берген жандардың түбінде ұтылатынын отыз жыл бойғы уақыт өзі айқындап берді. Ондай жандар отбасы, әулетінде не болып жатқанна мән берместен, астамшылықпен, алдаушылықпен қарап келеді. Болған келеңсіздіктерді билігінің не ақшасының құдіретімен шеше салады. Баршылық не істетпейді. Жоқшылықтың, жетіспеушіліктің исі мұрнына бармаған ұрпағының кім болып өсіп келе жатқанын өзі де сезбейді. Ондайға көңіл бөлуді ойламайды да. Ал ұрпағының ойына келгенді жүзеге асырып істеуге құдіреті де ақшасы да жетіп тұр. Ақшаның құнына да мән бермейді. Қымат орындарда тамақтанады, түнгі клубтарда жиі болады. Ішімдікке, нашақорлыққа бейімделіп кететіндері де жоқ емес. Бірдемеге ұрынса құтылып кетуге мүмкіндігі көп. Шет елде жүрсе елге оралмай қалулары да мүмкін. Ата-анасына өтірік айтып алдап, шындықты жауып тастауға мәжүбір болады. Ойламаған жерден шындық ашыла қалса, қылмыскер болып шыға келеді. Қылмыскер болмағанның өзінде қатты соққыға ұшырап өмірінің астан-кестеңі шығады.

Міне, ата-анасы мен балалары өз-өздеріне алдаушылықпен қарап шындықпен бетпе-бет келіп, келеңсіздіктерді дер кезінде жөнге салмағанның зардабы отбасы тұрмақ отанының абырой-атағына да нұқсан жеткізеді. Бұл жағдай бүгінгі қоғамда болып та жатыр. Осындай кезде білсе де білмесе де орынсыз ой пікірлер айта бере-тін немесе әлеуметтік желілерде жазба қал-дырып, тіл тигізіп жататын жандар да жоқ емес. Соны жазған жан қоғамға өзінің кім екенін адамдық қасиет дәрежесін көрсетіп жатқанын түсіне алмайды. «Жүйелі сөз – жүйесін табады, жүйесіз сөз – иесін табады». Айналып келгенде адамдарға жасаған жамандығың мен орынсыз тіл тигізіп тілдеген сәттерің алдымен өз басыңызға немесе балаларыңа тікелей ықпал-әсер ететінін ешқашан естен шығармайық. Себебі Алла бізге ақыл, ой – сана, қабілет берген. Өзімізді немесе өзгені алдаушылыққа бейімдеп, берекеттен айырылмай шындықпен өмір сүруді Алла қазағыма несіп етсін. Шындықты құрбандыққа шалмай, алдаушылықтан алыс жүруді мақсат етейік.

Қ. САНСЫЗБАЙҰЛЫ.

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 75 ЖЫЛ

АНА МҰҢЫ

Жау шықты Керман құтырды,
Кәрі-жас ел боп тік тұрды.
Майданнан хабар борады,
Кім ұтты, кім ұтылды?

Ахметбегім, қарағым,
Соғысқа кетіп барасың.
Артыңда қалған анашың,
Көздің жасын борасын.

Ахметбегім, қарағым,
Бір ұлың қалды - шырағым.
Соны ермек қылармын,
Болар деп осы шуағым.

Соғысқа кеттің, қарағым,
Артыңда қалды жан жарың.
Шел болды көзім жылаумен,
Қайтып іздеп барамын.

Ахметбегім, қарағым,
Соғыстың тарттың азабын.
Қасыңда бар ма жанашыр,
Таңып берер жарасын?

Хат та жазбай қойдың сен,
Аман бол, жаным, қайғым сен.
Жолыңа қарап, құлыным,
Жаулығымды жайдым мен.

Алжа-алжа апамын,
«Қиялшыл» да атандым.
Екі көзім шел болып,
Үйден де шықпай жатамын.

Көкейде сенің келбетің,
Тастама сен жер бетін.
Қайратым қайтып бойымнан,
Сені құшпай шөлдедім.

Жаман ойдан аулақпын,
Сексен жасты жасадым.
Сүйретіліп жүрсем де,
Сен келсең есік ашамын.

Соғыс бітті деп жатыр,
Ақсақ-тоқсақ кеп жатыр.
Жаның болса кеудеңде,
«Алып кет» деп тез шақыр.

Соғыс бітті деп жатыр,
Қуанып төктік көз жасын.
Күні-түні сені ойлап,
Қалай сенен көз жаздым.

Нұр тайды көзден, суалды,
Буындарым қуарды.
Жолыңа қарап күні-түн,
Қарт анаң таяқ таянды.

Көрсеңдер менің ұлымды,
Сұраңдар неден ұрынды.
Қарт ана, бала, келінді,
Неліктен бізді ұмытты?

Жат жерде әлде жатыр ма,
Шынын айт, енді жасырма.
Кеудесінде жан болса,
Үшбу хатты тапсырда.

Жеңдік дейді Керманды,
Орындатып арманды.
Бес жыл бойғы қан төгіс
Қан жылатты ханшамды.

Соғыс бітті, қарағым,
Қайда адасып барасың.
Неге хабар бермейсің,
Неге «келдім» демейсің?

Мелісімнің артынан
Жеңіс туды арыстан.
Біріне-бірі жалғасты,
Өмір мынау жарысқан.

Қоштасуға қимаймын,
Бұл дүниеге симаймын.
Тағдыр қосар әлі де,
Әттең, қайта тумаймын!

Қарала қағаз келіпті,
Талайлар оны біліпті.
Оқымапты тек маған,
Болса да бәрі білімді.

Қайтейін, енді қайтейін,
Қайтшы балам, қайт кейін.
Тым болмаса аймалап,
Мейірлене иіскейін.

Бейіті қайда баламның?
Қайтсем де сонда барамын.
Аза тұтсам басында,
Шерімнен біраз тарармын.

Ой,ой, мынау жалған-ай,
Өмірдің артта қалғаны-ай.
Шерменде кетіп барамын...
Орындалмаған арман-ай.

Зарлана содан жылаймын,
Көздің жасын бұлаймын.
Пұшайман болған бейбақтай,
Екі елі жардан құлаймын...

Бір Алла - сен құдайым,
Не істесең де шыдаймын.
Жар бола гөр балама,
Жалбарына сұраймын.
Көздің жасын бұлаймын,
Көрде де қол бұлғаймын.

Тохан АСҚАРБЕКОВ
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОБРАЩЕНИЕ

ПРИЗЫВАЮ ОТНЕСТИСЬ С ПОНИМАНИЕМ

Уважаемые жители Алматинской области!

В связи с ростом случаев заражения коронавирусом в Алматинской области, постановлением главного государственного санитарного врача с 00:00 часов 31 марта 2020 года на территории области усилены ограничительные меры в рамках чрезвычайного положения в Республике Казахстан. В целях предупреждения завоза и распространения на территории области коронавирусной инфекции ограничено передвижение людей, перевозка грузов, посещение мест массового скопления населения.

Для обеспечения защиты жизни и здоровья граждан области усилены работы местных исполнительных и правоохранительных органов, здравоохранения, санитарных служб. В связи с этим, суды региона готовы обеспечить рассмотрение дел с помощью видеоконференцсвязи в режиме онлайн через мобильное приложение TrueConf, Skype, Whatsapp и другими возможными средствами связи с учетом мнений участвующих в деле лиц, также можете подавать все документы через информационный сервис «Судебный кабинет». Суд не прекращает свою работу, дела рассматриваются в дистанционном режиме.

Аудио-видеофиксации, электронные протокола судебных процессов полностью отражаются в Судебном кабинете. Прошу жителей Алматинской области с пониманием отнестись к сложившейся ситуации и отложить обращения в суд на более поздние сроки.

Елис АБДЫКАДЫРОВ,
председатель Алматинского областного суда.

НОВОВВЕДЕНИЕ

СУДЫ ФУНКЦИОНИРУЮТ ВИРТУАЛЬНО

За период с 1 по 5 апреля 2020 года, с целью обеспечения безопасности граждан, дистанционно, с использованием приложений «TrueConf», «WhatsApp», «Skype», «Zoom», судами Алматинской области было рассмотрено 199 дел,

из них:
- гражданских - 76,
- уголовных - 65
- материалов об административных правонарушениях - 58

Такая статистика показывает, что суды функционируют виртуально и участники широко используют возможности IT-технологий в условиях чрезвычайного положения.

В связи с чем, хочу отметить колоссальную работу отдела информационных технологий и защиты информационных ресурсов Администратора судов по Алматинской области.

Выражаем благодарность всем ребятам, которые обеспечивают бесперебойную работу ЕАИС «Төрелік», системы аудио-видеофиксации судебных процессов, видеоконференцсвязи со сторонами. IT-специалисты выкладываются на все 100%!

Поступило 150 административных материалов

С 22 марта по 3 апреля 2020 года в условиях усиленного карантинного режима в суды Алматинской области поступило 150 административных материалов по факту нарушения режима ЧП.

Из рассмотренных 136 материалов:
- к административному аресту подвергнуты 34 правонарушителя,
- 95 оштрафованы,
- предупреждение получили – 6 правонарушителей,
- направлен по подсудности материал в отношении одного правонарушителя.

В основном, правонарушителей привлекли за попытки незаконного пересечения границы территории карантинной зоны, а также за нарушения правил карантинного режима.

Самат АВГАНОВ,
пресс-секретарь
Алматинского областного суда.

ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ ПРАВОСУДИЯ

МОДЕРНИЗАЦИЯ СУДЕБНОЙ СИСТЕМЫ: НОВЫЕ РЕШЕНИЯ

В современном информационном обществе принцип плюрализма и открытости предусматривает, взаимодействие судебной системы с обществом, при этом процесс информатизации правосудия, делает судебную систему более эффективной.

В связи с этим, применение новых технологий должно рассматриваться как альтернативная форма организации осуществления правосудия, возможность граждан и непосредственных участников судебного процесса осуществлять предусмотренные законодательными актами права и обязанности. Так, к примеру, подача в суд документов в электронной форме, доступ к судебной информации, судебные извещения, онлайн участие в судебном заседании оборот судебных документов.

В настоящее время внедрение цифровых разработок рассматривается как необходимое явление, но вместе с тем, это не замена классического правосудия и переход к постоянному осуществлению только в электронном виде, а возможность без физического присутствия участие в процессе, упрощение механизма доступа и обеспечения оперативности.

Учитывая высокие темпы развития, приобретает важность автоматизация деятельности судебных органов, оптимизация и ускорение судебных процедур, для беспрепятственного доступа к правосудию и судебной информации.

Ведь, согласно Конституции Республики Казахстан правосудие осуществляется только судом, посредством установленных законом форм судопроизводства. Как известно судопроизводство – это осуществление судебными органами деятельности в соответствии с определенными процессуальными формами.

Исходя из этого, в условиях цифровизации и детализации все больше внимания уделяется развитию информационных и коммуникационных технологий, в том числе и в судебной системе идут обширные процессы модернизации.

Вместе с тем, в процессе совершенствования системы правосудия в основу ставятся принципы правосудия, предусмотренные Конституцией Республики Казахстан, то есть принципы, обеспечивающие общие условия реализации прав и обязанностей участников процесса.

Арайлым МЫНЖАНОВА,
судья СМУС Алматинской области.

СУД

АРХИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ – ИНФОРМАЦИОННЫЕ РЕСУРСЫ

Суд и его структурные подразделения являются источниками комплектования архива суда и обязаны обеспечить сохранность архивных документов. Документы (оконченные судебные дела, документы общего делопроизводства) хранятся в судах временно. Временный срок хранения документов – это хранение документов до уничтожения в течение сроков, установленных нормативными правовыми актами. Согласно установленным срокам хранения после окончания делопроизводства по ним, документы подлежат передаче в соответствующие государственные архивы. После истечения срока хранения, специалист архива суда готовит дело на уничтожение, составляется акт. При этом из материалов дела изымается судебный акт, который передается на постоянное хранение в соответствующий государственный архив.

Комплектование архива суда заключается в систематическом пополнении документами, которые создаются в процессе деятельности суда, в том числе в результате определения источников комплектования архива, определения состава архивных документов, подлежащих приему в архив, а также непосредственного приема-передачи документов в архив. Архивный документ – это бумажный, электронный документ, зафиксированный на электронном носителе, фото — и видео документы, приобщенные к материалам судебных дел.

В каждом суде составляется паспорт архива. Паспорт архива суда – учётный документ периодической отчетности, который содержит сведения об объеме хранящихся документов, составе поисково-справочного аппарата и условия хранения документов. Обеспечение надлежащего документооборота в архиве суда, соблюдения порядка отбора на хранение в архив документов, их комплектование, учет и использование – важнейшая задача специалистов, обеспечивающих деятельность работы суда.

Хранящиеся в архивах судов документы обеспечивают возможность реализации гражданами ряда важнейших, гарантированных Конституцией РК прав – судебную защиту, также поиск, хранение, использование и распространение информации. В настоящее время архивные документы рассматриваются как информационные ресурсы, которые участвуют в интеллектуальной деятельности человека, в том числе являются основой изучения комплекса архивных документов, находящихся на архивном хранении в судах Республики Казахстан.

Арман НЕМЕРЕБАЕВ,
ведущий специалист
Талдыкорганского СМАС.

КОРРУПЦИЯ

ЯВЛЯЕТСЯ ОДНИМ ИЗ ГЛАВНЫХ НАПРАВЛЕНИЙ

Термин Коррупция происходит от латинского слово «corrigrege» по смыслу означает «разрушение организма государства, общественных отношений», как значение термина «подкуп» - термин, обозначающий обычно использование должностным лицом своих властных полномочий и доверенных ему прав в целях личной выгоды, путём обмана, вымогательства, волокиты, противоречащие законодательству и моральным нормам. Наиболее часто термин применяется по отношению к бюрократическому аппарату и политической элите. Соответствующий термин обычно имеет более широкую семантику, вытекающую из первичного значения исходного латинского слова, а также неэтическое поведение.

Проблема коррупции превратилась в проблему международного масштаба, поскольку она присуща всем странам, независимо от их политического устройства и уровня экономического развития, имеет место и в демократических государствах с рыночной экономикой. Коррупция оказывает большое влияние на все сферы общества: экономику, политику, социальную сферу, а негативные последствия, порождаемые этим явлением, не только препятствуют прогрессивному развитию общества, но и представляют реальную угрозу интересам национальной безопасности нашего государства.

Наше государство, как и многие другие страны мира, ведет целенаправленную работу по предупреждению и предотвращению коррупции. Казахстан – одно из первых государств СНГ, принявших антикоррупционное законодательство и присоединившихся к международным конвенциям по данному вопросу.

Для Казахстана преодоление коррупции является одним из главных направлений государственной политики, приоритетность которого четко обозначена Первым Президентом – Елбасы Н.А.Назарбаевым. В частности Елбасы в своей Стратегии «Казахстан-2050» Новый политический курс состоявшегося государства в качестве одного из приоритетов государства назвал борьбу с коррупцией. В этом плане Агентство по делам государственной службы и противодействию коррупции, являясь органом непосредственно подчиненным Президенту страны, объединяет усилия государства и общества в эффективной реализации государственной службы, кадровой политики и снижения уровня коррупции.

Нури ОМАРБЕКОВ,
судья СМЭС Алматинской области.

ПРЕСТУПЛЕНИЯ

ВЫМОГАТЕЛЬСТВО

Вымогательство относится к числу корыстных преступлений против собственности. Предметом вымогательства являются: чужое имущество (вещи, деньги, в том числе, иностранная валюта, ценные бумаги, объективированные результаты творческой интеллектуальной деятельности, фирменные наименования, товарные знаки и иные средства индивидуализации изделий); право на имущество (завещание, страховой полис, расписка, договор, доверенность на получение тех или иных ценностей, различных видах ценных бумаг и иного документа, дающего ему право на получение имущества) или совершение других действий имущественного характера (услуги неэквивалентного содержания, например, якобы за "охрану помещения", за "содействие" в реализации продукции, уничтожение долговой расписки, отказ от долга в общем имуществе, снижение процентных ставок, производство каких-либо работ и т.п.).

Вымогательство считается оконченным в момент предъявления потерпевшему имущественных требований, соединенных с соответствующими угрозами, независимо от того, достиг виновный желаемой цели, получил требуемого имущества, права на имущество или добился совершения потерпевшим действий имущественного характера.

При квалификации действий виновного лица как вымогательство следует устанавливать конкретный вид угрозы, предусмотренный в диспозиции закона, имея в виду, что потерпевшим от угрозы вымогателя может быть как собственник или лицо, во введении или под охраной которого находится имущество, так и их близкие. Форма выражения угрозы для квалификации вымогательства значения не имеет (устная или письменная, высказанная лично или через посредника, сформулированная откровенно или в завуалированной форме), однако, ее содержание должно быть воспринято потерпевшим однозначно в соответствии с ее фактическим смыслом.

Для квалификации действий вымогателя несущественно, кем может быть реализована эта угроза: им самим или его соучастниками.

Как вымогательство под угрозой применения насилия следует понимать действия, выражающие намерение оказать принудительное психологическое воздействие (угроза лишить жизни, причинить тяжкий, средний или легкий вред здоровью, совершить изнасилование или иные насильственные действия).

При вымогательстве, совершенном с угрозой уничтожения или повреждения имущества, для квалификации действий виновного не имеет значения, о каком имуществе идет речь (вверенном потерпевшему для охраны или его собственном, движимом или недвижимом) и каким способом эта угроза будет реализована. В этих случаях следует иметь в виду, что угроза должна быть реальной и способной оказать устрашающее воздействие на потерпевшего.

Абзал ШАКУАЛ,
судья Алакольского
районного суда.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АЙМАҒЫ МЫҚТЫ ЕЛ – АЙБЫНДЫ ЕЛ!

ТУРИЗМІ МЕН СПОРТЫ ҚАТАР ДАМЫҒАН – АЛАКӨЛ

Алакөл ауданы – Алматы облысының солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Жерінің аумағы 36,8 мың шаршы шақырымды құрайды. Тұрғындар саны 80 мыңға жетіп қалды. Орталығы – Үшарал қаласы. Бір кенттік және 24 ауылдық, әкімшілік округке бөлінген. Негізгі кәсібі – ауыл шаруашылығы. 2019 жылы шаруашылықта өндірген өнімнің көлемі 45 миллиард 682 миллион теңгеге жетті. Есепті кезеңде аудан еңбеккерлері 18 мың тонна ет, 414 мың тонна сүт, 1 мың тонна балық, 350 тонна бал арасын ел игілігіне ұсынған. Мұнымен қатар өткен жылы қуаттылығы 4 мың тонна ет өнімдерін өңдеу кәсіпорны, 20 мың басқа арналған жылқы фермасы қолданысқа берілді. Нәтижесінде аудан экономикасына ауыл шаруашылығын дамытуға 1,8 миллиард теңге тартылып, 108 тұрақты жұмыс орны ашылды.

Сондай-ақ, соңғы жылдары аудан бюджетіне айтарлықтай өз үлесін қосып, оны жаңа белеске көтерген Алакөл демалыс аймағының да өзіне тән ерекшеліктері мол-ақ. «Күндіз күн, түнде ай сүйген» ару Алакөлге Жоңғар Алатауынан бастау алатын Лепсі, Тентек, Шынжылы, Көксуат сияқты ірі-ірі өзендер келіп құяды. Алакөл минералды ресурстарға, йодқа, тұзға, химиялық элементтерге өте бай. Пайдасы медицина саласында дәлелденген. Оның минералдары тыныс алу мүшелері, сүйек-бұлшықет және жүйке жүйесі мен тері ауруларынан айықтыратын қасиетке ие. Көл бетінде жүзген бірқазан, аққу, көкқұтан, тырна, шағала сынды 60-тан астам құсты да осы жерден көре аласыз. Ия, кезінде Абылайхан мен Қабанбай батыр бабамыздың да ізі қалған Алакөл туралы әңгіме тізгінін ағыта беруге болады. Ол туралы бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен айтылып, жазылып та жүр. Дегенмен біз де, сырт көзбен қарай отырып, көздеген тақырыбымыздан ауытқымай, Алакөл ауданы дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Алмас Тезекбайұлы Садиев мырзамен сұхбаттасудың сәті түсті.

– **Алмас Тезекбайұлы, Алакөл облыс орталығынан қашық, шекарада жатқан аудан болғанымен, экономикасы мығым, туризмі мен спорты қатар дамыған аудан. Біздей емес, сіз осы өңірдің тыныс-тіршілігін қанық білесіз. Аудан өмірінің осы салалары туралы баяндай отырсаңыз?**

– Расында, өзіңіз айтқандай ауданның экономикасы мен әлеуметтік жағынан дамуына да Туризм саласының қосып отырған үлесі ұшан-теңіз. Соңғы деректерге сүйенсек, бүгінгі таңда Алакөл демалыс аймағына күніне 23714 туриске қызмет көрсететін 244 демалыс орны жұмыс істейді. Өткен жылы 1291 орынды 35 нысан қолданысқа беріліп, аудан экономикасына 2,6 миллиард теңгенің инвестициясы тартылды. Жаңадан 187 жұмыс орны ашылды. Тынығушыларға заманауи сервистік қызмет көрсетудің барысында демалушылардың саны 1 миллион 340 мың адамға жетті. Оларға 7 миллиард 951 миллион теңгенің ақылы қызметі көрсетілді. Өткен жылы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының «Туған жерге тағзым» жобасы аясында және ауданның 90 жылдық мерекесіне орай Алакөл жағалауында 16 гектар жерді алып жатқан бес жұлдызды «Көктем гранд резорт» қонақ үйінің ашылуы дер едік. Бұл шараға аудан кәсіпкерлері, облыс әкімі Амандық Баталов пен аудан әкімі Әлібек Жақанбаев арнайы қатысып, ел игілігіне ұсынылған қонақ үйдің алқызыл лентасын қиды. Айта берсек, өңірімізде мұндай ізгілікті шаралардың саны өте көп. Сол сияқты, Туған жерге тағзым» жобасы бойынша жерлесіміз Сауат Мыңбаевтың демеушілігімен Үшарал қаласында жас өрендеріміздің жарқын болашағы үшін сыйға тартылған «Тарлан» спорттық-сауықтыру кешенінің ғимаратын айрықша атап өтуімізге әбден лайық. Спорт кешенінің ашылу салтанатына бокстан Афина қаласында өткен Олимпиада ойындарының чемпионы Бақтияр Артаев, грек-рим күресінің Бейжің Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері Нұрбақыт Теңізбаев пен ауданымыздың құрметті азаматтары қатысты.

– **Туризмнің болашағы өте зор екені түсінікті. Енді аудандағы бұқаралық спорттың аяқ алысы туралы не айтасыз?**

– Спорттың өзі бір әлем. Біріншіден деннің саулығына ықпал етсе, екіншіден салауатты өмір салтын ұстануға негіз болады. Аудан басшысы Әлібек Жақанбаевтың жанжақты қолдауының, әрі қамқорлығының арқасында өңір азаматтарының бұқаралық спортқа деген қызушылығы күннен күнге арта түсуде. Бүгінгі таңда аудан азаматтарының 31 пайызы, яғни 30 мыңға жуық адам салауатты өмірге деген құлшыныстарын көрсетіп, өзері қалаған спорт түрімен тұрақты шұғылдануда. Жыл ішінде өңір аумағында көпшілікті кеңінен қамтыған спорттың түрлі іс-шаралары ұйымдастырылды. Солардың ішінен 1 облыстық, 5 республикалық дәрежедегі турнирдің өзіне тән ерекшеліктері өте мол болды. Сонымен қатар жыл сайын Ойжайлау төрінде өтіп, бүкіл ауыл азаматтарын кеңінен қамтитын ұлттық ат спорты ойындарының да жас ұрпаққа берер тәлім-тәрбиесі кімге болса да үлгі боларлықтай. Әсіресе, жергілікті жерлердегі тұрғындардың белсенді атсалысатын 24 ауылдық округ әкімдерінің демеушілігімен «Халық ойындары» тақырыбында өтетін көктемгі, жаздық, қыстық спартакиадаларды ұйымдастыру шаралары да тұрақты дәстүрге айналды. Аудан жастарына үлгі боларлық кәсіпқой спортшы, әлемдік деңгейде бірнеше дүркін чемпион атағын жеңіп алғандар Жәнібек Әлімханов, Бауыржан Оразғалиев, Айдан Смағұлов пен Қуат Хамитов сынды баһадүр батырлырымыз ауданның айбынын асқақтатып, мерейін өсіріп отыр. Өресі биік жігіттерімізбен мақтанамыз. Әрине, бұқарлық спорттың көңілдегідей белсенді дамуы үшін заманауи спорттық құрылымдардың да атқарар ролі өте жоғары. Осы ретте, аудан бойынша 45 спорт залы, 48 зал, 4 кешен, және 2 стадион тұрғындардың салауатты өмір салтын ұстанушыларға бар жағдайды жасап бағуда. Осылардың ішінде аудан орталығының сәнін келтіріп, көркіне сай құлпырып тұрған «Тарлан» спорт кешенінің тұрғындар үшін алар орны да тым ерекше екенін жоғарыда айттық. Сонымен қатар аудандағы екі спорт мектебі ұжымының да қол жеткізген табыстары мен бағындырған биіктері де көз қуанарлықтай.

– **Осы спорт мектептері туралы айта отырсаңыз. Оған айрықша маңыз беріп отырғаным, ауданнан шыққан кәсіпкер азаматтар спорт мектептерінің дамуына зор үлес қосуда. Соған орай спортшыларыңыз да биіктерді бағындырып жүрген болар?**

– Аудан орталығындағы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің қабырғасы 2011 жылы қаланды. Мектепте 49 адам еңбек етсе, олардың 32-сі жаттықтырушылар. Спорттың 11 түрі бойынша дайындықта 1122 жас тәлім-тәрбие алады. Жас спортшылардың өткен тоғыз жылдың ішінде біраз биіктерді бағындырып үлгерді де. Олар өздерінің жастықтарына қарамастан облыстық, республикалық, Азиялық және халықаралық додалы жарыстарға белсенді қатысып, әрдайым жүлделі орындардың биіктерінен көрініп жүр. Өткен жылы жас спортшыларымыз ауданымыздың мерейін өсіріп, 52 алтын, 48 күміс, 68 қола медальды иеленді. Додалы жарыстың шаршы алаңында жасындай жарқылдаған «Үздік спортшылар» ретінде Жомарт Болатханұлын, Айбол Ахметов, Мирас Қанабеков, Мирас Бауберіков, Самат Сағатбеков, Ақылас Әлсейіт, Расул Долдахан, Даниял Ахметжанов, Жайық Бейсенбаева, Самал Сарқытбаева, Батыр Аликен, Іляс Рапысбай, Алихан Тұрахын, Іляс Құмарұлы, Олжас Болат, Темірлан Сұлтанбеков сынды таланты да талапты ұл-қыздарымыздың есімдерін үлкен ризалықпен атап өтуімізге тұрады. Балғын қырандарды баптап, әлемдік аренаға шығарған жаттықтырушыларымыздың да жанкешті, ерен еңбектері де өзінше бір төбе. Осы орайда облысымыздың сыйлы азаматы, дзюдо күресін дамытуға ерекше үлесін қосып жүрген «Қазақстанның халық ағарту ісінің озық қызметкері» және ІІ-ші дәрежелі «Дзюдо тарланы» орденімен марапатталған Бақытбек Мұстафинды, КСРО-ның спорт шебері, аға жаттықтырушы Рустем Смағұловты, Еуразияның қола, Азияның қола, Әлем біріншілігінің қола жүлдегері, халықаралық дәрежедегі спорт шебері, ауданға джиуджитсу спортын әкелген Арнұр Нұрланұлын, бокстан талай тарландарды түлеткен Меңғали Қанабеков пен Леонид Ложниковты, самбо күресінің спорт шебері, ҚР-ның чемпионы, халықаралық бәсекелер мен Азия ойындарының жүлдегері Данияр Кәкеновтың есімдері ауданымыздың арқа сүйер мақтаныштары екенін тағы бір қадап айтсам, артық кетпеспін деймін.

– Енді біреуі таулы аймақта орналасқан Лепсі спорт мектебі болу керек. Соңғы жылдары республика көлемінде бұл мектептің де есімі жиі айтылатын болды емес пе?

– Ия, соңғы уақытта Лепсі спорт мектебінің де абыройатағының жоғарлап тұрғаны рас. Ауданымыздың атымтай жомарты Бауыржан Оспановтың тікелей демеушілігімен 2015 жылдың қыркүйек айында табиғаты көрікті, Жоңғар Алатауының бөктерінде спорттан дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының ашылуы Алакөл аймағы үшін шын мәнінде тарихи маңызы зор оқиға болды. Атақты бапкер Сержан Бостанұлының басшылығындағы спорт мектебінің бүгінгі аяқ алысы кімді болса да риза еткендей. Мектеп ұжымының соңғы үштөрт жылдағы қол жеткізген табыстары ат төбеліндей деп әсірелеп жеткізсек те жарасады. 2018 жылы спорт мектебінің өрендері еркін күрестен 10 алтын, 8 күміс, 21 қола алса, грек-рим күресінен 12 алтын, 9 күміс, 15 қолаға қол жеткізді. Дзюдодан 39 алтын, 18 күміс, 25 қола болса, шаңғы жарысынан 6 алтын, 2 қола, бокстан 12 алтын, 10 күміс, 8 қола медальды иемденді. Ал 2019 жылғы жетістік бұданда жоғары екенін көпшіліктің өзіде куә болып жүр. Аудан мерейін өсіріп, түрлі додалы жарыстардың жеңіс тұғырынан көрініп жүрген жас спортшыларымыздың қатарынан 10 сынып оқушысы, бокстан кадеттер арасындағы ҚР чемпионатының жеңімпазы, халықаралық бәсекелердің чемпионы Мейіржан Айдарды, 11 сынып оқушысы бокстан кадеттер арасындағы ҚР біріншілігінің қола жүлдегері, халықаралық жеңімпазы Нұржан Амангелдіні, 10 сынып оқушысы ҚР құрама командасының мүшесі, шаңғыдан жасөспірімдер арасында ҚР чемпионатының алтын медаль иегері, бүкіл Ресейлік ашық турнирінің еркін әдіс және классикалық түрі бойынша чемпионы Айжан Ракишеваны, 11 сынып оқушысы дзюдодан жасөспірімдер арасындағы және Словенияда өткен «Ашық Европа» кубогінің иегері Ерлан Советханды айтқан жөн. Олардың болашақта бағындырыр биіктері, алар қамалдары әлі алда. Бұл жастардың әрқайсысы да Олимпиада ойындарының чемпионы болуға әбден лайық спортшылар.

– **Сұхбатыңызға рахмет.**

Мәулетхан АҚСАНОВ,
«Қазақ спорты» газетінің тілшісі.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ТОҒЫЗЫНШЫ СӨЗ

Осы мен өзім – қазақпын. Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе? Егер жақсы көрсем, қылықтарын қостасам керек еді. Уә әрнешік бойларынан адам жақсы көрерлік, көңілге тиянақ қыларлық бір нәрсе тапсам керек еді. Соны не үміт үзбестікке, не онысы болмаса, мұнысы бар ғой деп, көңілге қуат қылуға жаратсам керек еді, ондайым жоқ. Егер жек көрсем, сөйлеспесем, мәжілістес, сырлас, кеңестес болмасам керек еді, тобына бармай, «не қылды, не болды?» демей жату керек еді, ол мүмкін болмаса, бұлардың ортасынан көшіп кету керек еді. Бұларды жөндеймін деуге, жөнделер, үйренер деген үмітім де жоқ. Бұлардың бірі де жоқ. Бұл қалай? Бұл айтқанның бірін тұтпай болмас еді.

Мен өзім тірі болсам да, анық тірі де емеспін. Әншейін осылардың ызасынан ба, өзіме-өзім ыза болғанымнан ба, яки бөтен бір себептен бе? – еш білмеймін. Сыртым сау болса да, ішім өліп қалыпты. Ашулансам, ызалана алмаймын. Күлсем, қуана алмаймын, сөйлегенім өз сөзім емес, күлгенім өз күлкім емес, бәрі де әлдекімдікі. Қайратты күнімде қазақты қиып бөтен жаққа кетпек түгіл, өзін жақсы көріп, үміт етіп жүріппін. Қашан әбден біліп, үмітімді үзген кезде, өзге жаққа барып, жатты өз қылып, үйір боларлық кайрат, жалын сөніп те қалған екен. Сол себептен бір жүрген қуыс кеудемін. Тегінде ойлаймын: бұ да жақсы, өлер кезде «әттеген-ай, сондай-сондай қызықтарым қалды-ау!» деп қайғылы болмай, алдыңғы тілеу болмаса, артқа алаң болмай өлуге.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

АЙНАҒА КӨП ҚАРАУҒА БОЛМАЙДЫ

Қазіргі таңда айнаны қарапайым қажеттіліктен гөрі үйге, кеңселерге, демалыс орындарына сән беру мақсатында да іліп қояды. Алайда, оның пайдасынан басқа, адамзатқа тигізер зиянды жағы да бар екен. Ел арасында «айнаны сыйға тартуға немесе бұрын қолданылғанын сатып алуға болмайды» деген сөз кең тараған. Себебі айна – қараған жанның энергиясын өзіне тартып алып, адамдардың бет-бейнесін, қимыл қозғалыстарды компьютер бағдарламасы секілді жадында мықтап сақтап қалады. Ендеше, айнаның өзіндік сырлары мен ерекшеліктерімен таныс бола отырыңыздар.

Қыздардың қалтасынан түспейтін заттардың бірі – айна. Шамамен арулар күніне айнаға кем дегенде 20 шақты рет қарайды. Ал айна адамның көңіл-күйіне тікелей әсер ететін сиқырлы зат. Америка ғалымдары күні бойы айнаға жиі қараған адамның кешкісін көңіл-күйі болмай, өзін нашар сезінетінін байқаған. Сонымен қатар айнаға көп қарау әдеті есте сақтау қабілетін де төмендетеді екен. Себебі айна адамның өмірлік күш-қуатын өзіне тартып алып, азғаны әлсірететін қасиетке ие.

Сонымен қатар көшірмеңді анық қайталайтын айнаға көп қарай беретіндер тезірек қартаю белгісіне ұшырайды. Сонымен қатар ескі немесе басқа біреудің айнасына қарауға мүлде болмайды. Өйткені ол адамды қырсыққа ұшыратады. Айна адамның жағымсыз жақтарын бойына ұстап қалады да, оны басқа адамға жұқтырады. Айнаға мүлде қарауға болмайды демейміз, тек сағаттап алдында көп уақыт өткізбеген жөн және тек жақсы көңіл-күймен қараған дұрыс. Яғни, өз бейнеңізге күліп қарасаңыз, онда ағза жағымды қуат алып, күшейе түспек.

Қазақ халқының ырымында «Айнаны ашық қалдыруға болмайды, әсіресе жаңбыр жауғанда және үйде адам кайтыс болғанда» деген ұғым бар. Себебі айнаға сол адамның духы кіріп кетеді дейді. Сонымен қатар ұйықтайтын бөлмеге де айна қоюға болмайды. Түнде ұйқыдан тұрғанда адамның көзінің көру қабілеті бірден жақсы болмайды, яғни, көзіңіз ашып немесе бұлдырап тұрады. Ұйқыдан ояна сала көз дайындығынсыз сізге қарсы қарап тұрған айнадағы өз бұлыңғыр бейнеңізді көріп, шошып қалуыңыз мүмкін.

Осы айтылғандардан сақтану үшін айнаны күн сәулесі мол түсетін тұсқа қою қажет. Сонда жаман энергия жойылады. Бетін жиі сүртіп, тазалау да жақсы көмек.

КЕРЕК ДЕРЕК

АЗЫҚ-ТҮЛІКТІ ҚАЛАЙ ДЕЗИНФЕКЦИЯЛАЙМЫЗ?

Карантин кезінде адамдарды дүкен сөрелерінде тұрған азық-түліктің қаншалықты таза екені жайлы сұрақ мазалайды. Әрине, себебі ешкім вирус жұқтырып алғысы келмейді. Сондықтан дүкеннен үйге әкелген немесе тапсырыспен алдыртқан азық-түліктің қаптамасын дезинфекциялауға аса мән беру керек.

Ең алдымен дүкеннен әкелген барлық пакет пен сөмкені бірден асүйге апармай, кіре беріске қою керек. Ең дұрысы, дүкенге кенеп матадан тігілген сөмкемен барған жөн. Сол кезде оны дүкеннен келген соң өте ыстық суға жуып, жақсылап кептіріп аласыз. Аузы жақсы жабылған барлық азық-түліктің сыртын ағып тұрған судың астында жуып алыңыз.

Жеміс пен көкөністі дезинфекциялау

Жеміс пен көкөністі ағып тұрған судың астында бірнеше рет жуу керек. Оларды, тіпті, сабынмен де жууға болады. Содан соң көкөніс пен жемісті дуршлагқа салып, үстінен қайнаған су құйып шығу қажет. Одан кейін бірден салқын судың астына шайыңыз. Көкөніс пен жемісті осы әдіспен жуса, олардың іші зақымдалмайды. Бастысы, оларды жылдам жуыңыз. Оларды ыстық не салқын суға салып қоюдың қажеті жоқ.

Нан өнімдерін дезинфекциялау

Қазіргі уақытта ең дұрысы – нанды үйден пісіру. Ал егер дүкеннен сатып алсаңыз, оның сыртында қаптамасы бар түрін алыңыз. Егер қаптамасы жоқ түрін алсаңыз, үйге келген соң нанды термиялық өңдеу керек. Ол үшін нанды аздап қуырыңыз немесе қызып тұрған газға салып алыңыз.

Жұмыртқаны дезинфекциялау

Жұмыртқаны бактериядан тазарту оңай. Ол үшін үйде ас содасы болса жеткілікті. Әр жұмыртқаны сода ерітіндісіне жуып, содан соң ағып тұрған судың астына шайып аласыз.

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

КӨЗ АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Көз аурулары бүгінде жиі кездесетін сырқаттың бірі. Оның ішінде алыстан көрмеушілік, жақыннан көрмеушілік және іштен туа бітті аурулар белең алып отыр. Ал көз ауруларының пайда болуына механикалық, яғни әр түрлі жарақаттар алу, физикалық, химиялық факторлар әсер ететіні белгілі.

Көз ауруларының жиі кездесетін түрлері: басыр, бленнорея, катаракта, коньюктивит, көзге ақ түсу, т.б. Көзге ақ түсу, лейкома – көздің қасаң қабығының ауруы. Бұл көбінесе жарақаттанудан, қабынудан, көзге шыққан түрлі жарадан болады. Қызылша, шешек, туберкулез ауруларының асқынуынан қасаң қабақта ақ дақ пайда болып, ол кейде беріштеніп бітуі мүмкін. Мұның салдарынан көздің көруіне нұқсан келеді. Көздің көруі қасаң қабықтың қай жеріне ақ түскеніне, оның көлеміне байланысты. Егер ақ қарашыққа түссе, адам көрмей қалады. Көзге түскен ақ дәрі-дәрмекке жазылмаса, оған хирургиялық операция жасалады. Ішкі ағзалардың ауруы да көз ауруларына алып келеді. Мәселен, қоян көз, бадырақ көз, т.б. Уақытында емделмеген көз аурулары көздің көруін нашарлатып, соқырлыққа да алып келеді.

Көзді күту үшін алдымен оның тазалығына баса мән беру қажет. Жұмыс істегенде жарық бөлмеде отырып, арқа мен басты түзу ұстаған дұрыс және теледидарды қараңғыда көрмеген жөн. Осы ретте ескеретін бір жайт, көз тазалығын сақтаумен қатар дұрыс тамақтануға да мән берген жөн.

Көз аурулары тұқым қуалаушылық немесе сыртқы ортаның жағымсыз әсері нәтижесінде пайда болады дедік. Мысалы, құрамында канцерогеннің жоғары мөлшері бар тағамды және басқа да зиянды заттарды қабылдағанда көз ауруы пайда болады. Ал көз үшін ең пайдалы көкөністерге қырыққабат және жүгері жатады. Олардың құрамында дәрумендер мен минералды заттар көп болғандықтан, көздің қалыпты көру қабілетін сақтайды. Көздің жақсы көруі үшін тамақтың құрамында А дәрумені болу қажет. Ол ағзаның түрлі инфекцияларға қарсы тұру қабілетін жоғарылатады. Сонымен қатар көздің сау болуы үшін С, Bi, Be және B12 дәрумендерінің де маңызы зор. Олар қан тамырларын бекітеді, орталық жүйке жүйесін қоректендіреді.

Көру қабілетіне тағы басқа факторлар зиян келтіреді. Бүгінде көптеген адам компьютермен жұмыс істейді, ал кейбіреулері тіпті күндіз-түні алдында отырады. Соның салдарынан көз шаншып, қызарып ауырады. Сондықтан көздің шаршауын болдырмау үшін бірнеше минуттан кейін назарды ауыстырып, демалдырып, бөлмені желдету қажет. Егер ауа тым құрғақ болса, бактерияның астына су құйылған ыдысты қою керек немесе ауа ылғалдандырғышын пайдаланған дұрыс.

Көз ұқыптылықты талап етеді, сол себепті жиірек таза ауада серуендеу керек. Сонымен қатар төмендегі көрсетілген жаттығуларды күніне бірнеше рет жасап тұрған жөн.

• Түзу отырыңыз, назарыңызды алға қарай бағыттап, көзіңізді жұмыңыз да айналмалы қозғалыстар жасаңыз. Мысалы, солға, жоғарыға, оңға және төмен қарай (5-10 рет).

• Саусақтардың ұшымен көзді аздап басып тұрыңыз да алып тастаңыз. Бұл тәсілді 5 рет қайталаңыз. Одан соң көзді ашып, жылдам ырғақпен 15 рет жыпылықтатыңыз.

• Оң қолыңызды алға созып, назарыңызды ортаңғы саусақтың тырнағына аударыңыз. Қолыңызды оң жаққа максимальді бағыттаңыз, бірақ басты бұрмаңыз және назарды саусақтан алмаңыз. Оң жақ қолыңызды қайтарып, енді сол жақ қолыңызбен жасаңыз. Мұны да 5 рет қайталаңыз.

• Көзіңізді жұмып, оны қатты қысыңыз. Мұны да 5 рет қайталаңыз. Жаттығуды жасап болғаннан кейін 15 рет жыпылықтатыңыз.

• Бірнеше рет терең дем алыңыз да тынысты ұстап, белді бүгіп, басты алға қарай түсіріңіз. Содан соң 5-ке дейін санап, қайтадан түзу тұрыңыз. Терең дем алып, жаттығуды бірнеше рет қайталаңыз.

Материал интернет желісінен алынды

СӨЗ ЖОҚ



Қабанбай батыр көшесінің бойы

Сыпатай батыр мен Алдаберген көшелерінің қиылысы

Суретті түсірген: А. НАЗЫМ.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Редакция алқасының төрағасы - ЫРЫМ КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА — редактордың орынбасары
Ақтанберді НАЗЫМҰЛЫ — тілші
Алина ГАТУНОК — тілші
Лина АЙДЫНҚЫЗЫ — тілші

Кезекші редактор: Л. АЙДЫНҚЫЗЫ

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: *alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru*
Сайты: *alatau_gazeti*

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 5025
Тапсырыс № 356

Индекс 15534